

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 52 (9629)

1955

жылғы

15

март

Сейсенбі

Шығуына 35 жыл.  
жеке саны 20 тыйын.

## Селодағы саяси үгіттің айбынды міндеттері

Советтердің сайлау науқаны тұсында еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс кең өріс алды. Колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың, кәсіпорындар мен мекемелердің үгіт коллективтері ала мен ауыл-село еңбекшілерінің сайлау алдындағы өндірістік әреулерін кеңінен қолдап, оларды еңбектегі жаңа жеңістерге жұмылдырып отырды. Сайлау науқаны кезінде табысты жүргізілген жауынгерлік үгіт өзінің игі жемісін дө берді. Облысымыз бойынша барлық жерлерде де коммунистер мен партияда жоқтардың мызғымайтын халықтық блогі тамаша жеңіске жетті. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің депутаттығына халықтың таңдаулы ұлдары мен қыздары сайланды.

Мұның өзі бұқаралық-саяси жұмыстың бір кезеңі болды. Алайда үгіт жұмысы өзінің көздеген мақсатына жетіп, сайлау өтті, ендігі жерде науқан жоқ, сондықтан үгіт жұмысын да жүргізуге ойна асығуға болмайды деп ойлау дұрыс емес. Бұлай болған күнде бұл барын тұрған орынсыз жайбарақаттыққа ұрыну, табысқа төкпейісу, сайын келгенде идеологиялық майдандағы жашнай шабуылдың жарқынын бәсеңдету болып шығар еді.

Саяси үгіт науқандық жұмыс емес. Ол біздің тарихи дамуымыздың барлық кезеңдерінде де тынбастан жүргізіліп келді және әлі де жүргізіле береді. Социалистік идеологияның аса маңызды буындарының бірі бола отырып, біздің жауынгерлік саяси үгітіміз Коммунистік партияның еңбекшілерді коммунизм рухында, коммунистік саналылық рухында, советтік патриотизм, халықтар достығы және пролетарлық интернационализм рухында тарбиелеудегі аса өткір құралдарының бірі болып табылады. Саяси үгіттің мақсаты — социалистік жаңа қоғамның жаңа адамдарын қалыптастыру, оларды сәулетті коммунистік қоғам орнату жолында қажымай-талмай еңбек етуге, бұл жолда кездескен қиыншылықтарының қандайын болса да жеңе білуге, сөй-

тырған талаптардың дәрежесінде ұйымдастырылуы керек. Бұл — ең алдымен бұқаралық-саяси жұмысты жүргізгенде, формальдылыққа, бірсарындылыққа ұрынбау, жалпы декларациялар қабылдаумен тынбау, адамдармен жұмыс істей білу деген сөз. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумында үгіт жұмысын әрбір жеке адамдарға жеткізе жүргізу, әрбір еңбекшінің тілек-мүдделерін жете біліп, олардың шаруашылықты өркендетудегі инициативаларын қолдап отыру талап етілді.

Облысымыздың бірқатар партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмыстың мазмұнын терең түсініп, оны жан-жақты өрістетуге әрдайым көңіл бөліп келеді. Мәселен, Приешім ауданының «Бостандық» ауылшаруашылық артелиінде бұқаралық-саяси жұмыстың қарқыны Советтердің сайлауы өткеннен кейінгі жерде де бәсеңдеген жоқ. Бастауын партия ұйымы үгіт-бұқаралық жұмыстың табысты болуы ең алдымен үгітшілерге байланысты екендігін ескере отырып, үгітшілерді іріктен алуға ерекше көңіл бөліп отырады. Мұнда ең алдымен қолынан іс келетін адамдар, білім дәрежесі жеткілікті, тәжірибесі мол қабілетті адамдар қамтылған. Кәзіргі кезде колхоз үгітшілері еңбекшілер арасында СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының тарихи қарарларын және ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясының материалдарын жүйелі түрде кеңінен түсіндіріп жүр.

Дегенмен үгітшілерді іріктен алумен іс бітпейді. Жергілікті партия ұйымдары бүкіл бұқаралық-саяси жұмысты үгітшілерге ғана тапсырып, басқа да басшы партия, совет қызметкерлерін бұл жұмыстан тыс қалдырса, мұның өзі нағыз формальдылық болған болар еді. Аудандық партия комитеттері, әсіресе МТС-тер аймағы бойынша нұсқаушылар топтары ауыл-селодағы үгіт-бұқаралық жұмысқа белсене араласуға тиіс. Бірақ көптеген МТС-терде істің жайы бұлай болмай отыр. Преснов МТС-ін алайық. Осы МТС аймағы бойынша аудандық партия комитеті-

## Техника жаңалықтары өндіріске батыл енгізілуде

Қаладағы шағын двигательдер зауытының коллективі өндіріс жұмыстарының едәуір түрін механика күшімен игеріп, өткен жылы едәуір бағалы табыстарға ие болды. Зауод коллективі ауыл шаруашылығының барлық саласына пайдаланылатын, мал шаруашылығының еңбекті көп қажет ететін жұмыстарын механикаландыруға арналған 600 шағын двигательдерін жоспардағыдан артық өндіріп шығарды.

Коллектив мүшелері осындай елеулі табыстарға жетумен бірге көптеген өндіріс процестері әлі де болса қолмен атқарылады. Мәселен, құю цехында үлгі құятын жерлер қолмен қазылып даярланады.

Бұл жағдйдан шығу үшін конструкторлар бөлімінің аға механигі Кротов пен жөндеу механикалық цехының бастығы Иванов жолдастар Көкшетаудың таразы зауыдына барып, онда жұмыс істейтін құю конвейері және ленталы транспортерлердің құрылысымен танысты. Зауодтың озат мамандарымен кеңесіп, пікір алысып, олардан үйреніп келді. Содан кейін Кротов пен Иванов жолдастар жаңа техниканың чертеждерін жасады. Көп ұзамай-ақ, монтаждаушы-слесарьлар Пакетов және Соколовский, электрмен болат балқытушы Светочевский және басқа жолдастар құю конвейерін жасап, жұмысқа қосты. Бұл конвейер құю цехындағы откатчиктердің ауыр еңбектерін жеңілдетті.

Сол сыяқты, үлгі құюға дайындалған жерлердің балшықтарын тасымалдап әкететін ленталы транспортер жасалынып, өндіріске пайдалануға берілді. Ленталы транспортер жұмысқа қосылғаннан кейін құю цехындағы откатчиктер түгелімен басқа жұмыстарға ауыстырылды.

### КӨРМЕГЕ КАНДИДАТ СОВХОЗДАР

Облыс совхоздарының коллективтері 1955 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу үшін күресуде. Жақында еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет атқомі 1955 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылардың алғашқы кандидатураларын бекітті. Олардың ішінде Будаев ауданының Жетісу астындағы Малжон

Л. Прохорова. — Техника жаңалықтары өндіріске батыл енгізілуде. (1-бет).

Р. Дәуіров. — Көрмеге кандидат совхоздар (1-бет).

К. Сейітов. — Сауыншының міндеттемесі (1-бет).

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде (2-бет).

Еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық Советінің 1955 жылғы 6 марттағы сайлауының қорытындылары туралы (2-бет).

ЖҮГЕРІ — АСТЫҚ ПЕН ЖЕМШӨП ҚОРЫН ТОЛЫҚТЫРУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ: Е. Бәуененов. — Тұқымдық жүгері еге-

Механикалық цехта бұрын қолмен атқарылатын біраз жұмыстар станок күшімен атқарылатын болды. Шығарылатын двигательдердің кейбір тетіктеріне резба жонатын станок жұмысқа қосылды. Сонымен бірге, механикалық цехтың коллективі көптеген станоктар мен механизмдердің пневматикалық түрде жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Жұмысшылар бұрын ауыр тетіктерді көтеру жұмыстарына да көп күш жұмсайтын. Ал кәзір шығарылатын шағын двигательдердің ауыр тетіктері штамптар пневматикалық көтергіштермен қажетті жерлерге орналастырылатын болды. Пневматикалық көтергіштер жалпы салмағы 250 килограмма дейінгі жүктерді көтеріп орналастырады. Бұл тиімді көтергіштер құю цехында, күрделі үлгі станоктарында және қоймаларда орнатылып жұмысқа қосылды.

Зауодта пневматика жұмысын кеңінен қолдану үшін де бірнеше ұйымдық-техникалық шаралар белгіленді. Металл кесетін 10 станок пневматикалық түрде жұмыс істейтін болады.

Коллектив мүшелерінің өндірістегі ауыр жұмыстарды механикаландыруы қолмен істейтін жұмыстарды 42 процентке дейін кемітті. Сөйтін еңбек өнімділігін 13 процентке дейін арттырып, өнім сапасын едәуір жақсартты.

Бұл күндері зауодтың барлық жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығуға келеді үлес қосатын — өндірістің еңбекті көп тілейтін жұмыстарын онан әрі механикаландыра беру үшін пәрменді қарқынмен еңбек етуде.

Л. ПРОХОРОВА.

## Қаланың ауыл-селоға көмегін күшейте берейік

Бүкіл еліміздегі сыяқты облысымыздың еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл-шаруашылығын шұғыл өркендету, тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен бүкіл ауыл-шаруашылық өндірісінің негізі — астық өндіруді ұлғайту, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде белгілеген шараларын зор қанағаттанғандықпен қарсы алып, оны жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде.

Ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойылған міндетті орындауға ауыл-селоға қала үзбей көмек көрсетіп, бұл бүкілхалықтық іске өз үлесін қосуда. Қаланың өнеркәсіп орындары мен транспорты, құрылыс ұйымдары мен мекемелері бүкілхалықтық іс — тың жерлерді игеріп, астық егуге пайдалану жорығы басталысымен-ақ, оған үлес қосу мақсатымен МТС-тер мен колхоздарды өз қамқорлықтарына алып, мұқтаждарына қарай оларға айтарлықтай көмек көрсетті. Сонымен бірге, қаланың өнеркәсіп орындары, транспорты мен мекемелері ауыл-селоға тұрақты жұмыс істеуге ондаған ауылшаруашылық мамандарын: тракторшылар мен комбайншыларын, агрономдар мен зоотехниктерін, токарлары мен слесарьларын, инженерлер мен техниктерін және басқа да мамандарын жіберді.

Өнеркәсіп орындары транспорт және басқа ұйымдар мен мекемелер ауыл-селоға адамдарды көптен жіберумен бірге, ауыл шаруашылығына материалдық-техникалық көмекті үзбей көрсетіп келеді. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарияланғаннан бергі жерде облыстың МТС-тері мен колхоздарына 3 миллион сомға жуық мөлшерде материалдық-техникалық көмек көрсетілді.

Ауыл-селоға көмек беру жөнінде қаладағы шағын двигательдер зауытының коллективі айтарлықтай жұмыс істеді. Бұл зауодтан өткен 1954 жылдың өзінде 5 инженер, 9 техник, әртүрлі техникалық мамандықтары бар 14 адам және тікелей МТС-терге барып жұмыс істеуді қалаған 92 жұмысшылар мен қызметкер-

біздің облысымыздың алдына зор міндет қойылып отырғанын көреміз. Мұндай мемлекеттік маңызы бар зор істі аброймен орындап шығу үшін кәсіпорындары коллективтері өздерінің ауыл-селоға көмегін бұрынғының үстіне күшейте түсуі қажет.

Петропавл паровоз депосы өзінің қамқорлыққа алған Полудень МТС-іне токарлық станок және 70 комплект құрал-саймандар дайындап берді. Сонымен қатар дено коллективі МТС-тің жөнлеу мастерскойын бу күшімен жылытылатын етті. Ол МТС-ке мал азығын буландыратын 50 машина және мал қоралары үшін аспалы жолдар өзірледі.

Қаланың бірқатар озат кәсіпорындары үстіміздегі жылы өздерінің қамқорлыққа алған МТС, колхоздарымен тығыз байланыс жасап, олардың қажетін өтеу үстінде үзбей жұмыс істеуде. Мәселен, шойын құю-таразы зауыды тек соңғы өткен айдың өзінде Сартомар МТС-іне трактормен шөп тасуға қажетті 100 метр сым арқан және 2 мың сомның әртүрлі материалдары мен құрал-жабдықтарын берді.

Қаланың көптеген кәсіпорындарының тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары үшін қосымша бөлшектерді көп жасап шығаруға толық мүмкіндіктері бар. Солай бола тұрса да, қаланың кейбір кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің басшылары қамқорлыққа алған МТС-термен және колхоздармен на-шар байланыс жасап, оларға қажетті көмек жасауды қамтамасыз ете алмай келеді. Басқаны айтпағанның өзінде бұрын қамқорлықтарына алған МТС-тер мен колхоздардың қажетін біліп, оларға тәуір көмек көрсетіп келген вагон жөндеу депосы, ет-консерв комбинаты, нан комбинаты сыяқты кәсіпорындары соңғы кезде бұл қарқыннан тайып, ауыл-селоға көмекті әлсіретіпкіреп жіберді.

Бұл тәуеге болмайтын жағдай. Қала кәсіпорындарының, мекемелер мен ұйымдардың басшылары, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары ауыл-селоға қамқорлық көмек көрсету маусымдық емес, бұл достық көмектің ұзақ мерзімдік игілікті жұмыс екенін жете түсініп, облысымыз-



да Коммунистік партия алға қойған практикалық міндеттерді саналылықпен орындап отыруға жұмылдыру, бұқараны ұйымдастыра білу.

Кәзір совет халқының алдында бүкіл халық шаруашылығын қуатты қарқынмен оған әрі өркендетудің берік негізі және социалистік Отанымыздың қорғанышпаздығын барынша нығайта берудің қайнар бұлағы болып табылатын ауыр индустрияны мейлінше өртендеті беру негізінде халық шаруашылығын, оның ішінде әсіресе ауыл шаруашылығын, мал шаруашылығын шұғыл өркендету, сөйтіп таяудағы жылдардың ішінде еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін анағұрлым арттыру сияқты аса маңызды орасан зор міндеттер тұр. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумында атап көрсетілгеніндей, мұндай аса күрделі, жауапты міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуы көп дәрежеде еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси партиялық-ұйымдастыру жұмыстарының жақсы жүргізілуіне байланысты.

Бұл салада жергілікті партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарына елеулі міндеттер жүктеледі. Жергілікті жерлерде партиялық-саяси және үгіт-бұқаралық жұмыстары партия қойын

рева жолдастар партиялық-саяси жұмысты өлсіретіп алған. Олар МТС қамтуындағы колхоздарда мүлде сирек болады. Ал бұл қалған күннің өзінде жергілікті партия ұйымдарына нақтылы көмек көрсетпейді, жекелерен еңбекшілермен сөйлесіп, олардың тілек-мүдделеріне құлақ аспайды. «Сталин жолы» колхозында сайлау өткеннен кейінгі жерде бұқаралық-саяси жұмыс мүлде бетімен жіберілді. Бастауыш партия ұйымының секретары Сағиян жолдас бұл жұмысқа басшылық жасаудан тыс қалған. Колхозда кәзір мал қыстатудың барысы маз емес, жемшөп жетіспейді, қорамдық малдың қоны төмен. Саяси жұмысты елеушіліктің салдары, міне, осыған әкеліп соғып отыр. Ал топ қызметкерлері бұл колхозға келіп, істің жайымен жете танысу арқылы нақтылы көмек көрсетудің орнына, аудан орталығында жайбарақат жүріп жатыр.

Мұндай кемшіліктер облысымыздың басқа да бірқатар жерлерінде кездеседі. Міндет—ендігі жерде орын алған кемшіліктерді дереу жоюда. Үгіт-бұқаралық жұмыста жайбарақаттыққа салынуға, токмейісуге болмайды. Жергілікті партия, совет ұйымдары жауынгерлік саяси үгітті кеңінен өрістетуге, сөйтіп әрбір еңбекшіні алда тұрған зор шаруашылық міндеттерді саналылықпен орындап шығуға жұмылдыруға тиіс.

## Балаларға арналған кітаптар

Республикамыздың жазушылары балаларға арнап жаңа кітаптар жазып жатыр. Быйыл балаларға арналған әңгімелердің жиынағы басылып шығады, онда Қазақстанның 15 жас жазушыларының шығармалары басылады. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған 10 кітапша-сурет басылып шығады.

Орыс классиктері мен совет жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударуға зор көңіл бөлінеді. В. Осееваның «Васек Трубочев және оның жолдастары», А. Рыбаковтың «Кездік» повестері кітап дүкендеріне түсті. Бөбек-

терге арналған кітаптар — С. Маршактың, А. Бартоның, С. Михалковтың өлеңдері басылып шығады. В. Маяковскийдің «Кім болам?» деген өлеңдері қазақ тілінде бірінші рет жеке кітап болып басылады.

Баспа тұтыққан республикалар мен шетелдер жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Быйыл республикамыздың жас кітап оқушыларына арналып небәрі 60-тан аса жаңа кітап басылып шығады, бұлардың жалпы тиражы 360 мыңнан асады.

(ҚазТАГ).

## Техникалық кітапхананың екі мың кітап оқушылары бар

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Шымкенттің Калинин атындағы қорғасын зауытының техникалық кітапханасына соңғы кезде шыққан кітаптардың бір тобы — ғылым мен техниканың әртүрлі саласына арналған 200 кітап алынды. Мұндағы кітап қоры кәзір 54 мың томға жетті. Жаңа кітаптар арнаулы витриналар мен стендтерге қойылуда. Кітапхана меңгерушісі М. В. Коханова активтің көмегімен оқуға

ұсынылатын кітаптардың тізімін тарататын кітап оқушыларға қажетті әдебиеттің түскендігін хабарлап отырады. Рационализатордың мүісі ұйымдастырылды, өндіріс мәселелері жөнінде анықтама беретін бюро жұмыс істеуде.

Кітап оқушылардың саны көбейде. Кәзір мұнда 2 мыңдай металлург кітап алып тұрады. Бұл 1950 жылдағыдан екі есе көп.

атындағы және Булаев совхоздары бар.

Булаев астық совхозы дөңді дақылдар егісі үшін 21 мың гектар орнына 22334 гектар тың жерлер жыртып болатын. Сондай-ақ Жданов атындағы совхоз тың көтеру жоспарын 2670 гектар, ал, Ма-

зенолар құрылып, жақсы учасоктер бөлінуде. Совхоз коллективтері көктемгі егісті 8—10 жұмыс күні ішінде аяқтап, одан мол өнім алуға бел байлап отыр.

Р. ДӘУІРОВ.


## Сауыншының міндеттемесі

«Болос» колхозының колхозшылары СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды. Колхоздың мал өсірушілері Пленум қаулысына жауап ретінде қорамдық малды қыстан қонды шығаруға, оның өнімділігін арттыруға міндеттенді.

Сауыншы Демиденко жолдас өткен жылы әрбір сауын сыйырдан 1800 ли-

трден сүт алған еді. Ол быйыл әрбір сауын сыйырдан 2700 литр сүт алуға міндеттенді. Сауыншы Скакун және басқалары ұлғайтылған міндеттемелер қабылдады. Олар кәзір сыйырдың сүттілігін жазғы күндердегіден төмендетпей, олардың өнімділігін арттыру үшін күресуде.

К. СЕЙІТОВ.



Дондағы Ростов. «Ростсельмаш» зауытының коллективі бұл күндері қажырлықпен еңбек етуде. Мұнда әуендерінен бастап, комбайндар цехындағы бас конвейер құрастырушылар қарып келеді.

СУРЕТТЕ: комбайндар цехының бас конвейері. (СОТА-ның фотохроникасы).

және МТС-теріне жіберілді. Мұнымен бірге заводтың 200-ден астам жұмысшы қызметкерлері ауыл-селоға барып, ондағы колхоздар мен совхоздарға пішін жыйнау, егін ору маусымдарын өткізуге көмектесті.

Бұл завод облыс колхоздарына материалдық-техникалық көмекті де мол көрсетіп келеді. Тек өткен жылы тракторларға 194 ступица, астық елегіштерге 513 шкив жасап, 18 шағын двигательді күрделі жөндеуден өткізді. Сонымен бірге, 80 мың сомға жуық қосымша тетіктер жөндеп, колхоздарға 12 мың сомның құрал-саймандарын жасап берді. Ал қамқорлығына алған Октябрь ауданындағы «Пламя» колхозына завод өз күшімен жабық қырман салып, оны толығымен механикаландырды. Колхозшылардың өздеріне астық қоймасын салып алуға 38,4 текшеметр құрылыс материалдарын босатты және басқа да көмектер көрсетті.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы таяудағы бес-алты жыл ішінде Қазақстанда мал басын едәуір арттырып, сүт, ет, жүн өнімдерін өндіруді екі-үш есе өсіру міндетін қойды. Біздің республикамызда 1960 жылы 6 миллионнан астам ірі қарамал, 36 миллионнан аса қой-ешкі, біржарым миллионға жуық шошқа болуы тиіс. Келтірілген бұл цифрларда СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын жүзеге асыру ісінде республикамыздың, оның ішінде

сінің барлық кезеңінде көрсетіп, оны үсті-үстіне күшейте түсуді қамтамасыз етулері керек.

Қала кәсіпорындарының МТС-терге, колхоздар мен совхоздарға тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының қосалқы бөлшектерін, астық тазалайтын машиналар, таразылар, қаржыртқыштар, дала вагоншаларын, жылжымалы кухнялар және басқа да материалдық-техникалық көмек көрсетуге толық мүмкіншіліктері бар. Әңгіме ауыл-селомен байланысты оған сайын күшейтіп, ауыл шаруашылығының қажетін жан-жақты өтеуге осы мүмкіншіліктерді толық пайдалануға жетісуде болып отыр.

Осымен бірге қала кәсіпорындары өздерінің қамқорлыққа алған колхоздары мен МТС-теріне ауыл шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға, әсіресе мал қоралары мен жабық қырмандар, астық қоймаларын салуға үнемі көмектесуге тиіс. Кәзір колхоздар мен МТС-тер көктем егісіне қызу әзірленуде. Кәсіпорындар өздері қамқорлыққа алған колхоздар мен МТС-тердің көктемгі егіске сақдай сай әзірленуіне жан-жақты көмек көрсетулері керек. Міне, сонда ғана кәсіпорындар ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкметіміз алға қойған күрделі міндеттерді орындау ісіне айтарлықтай үлес қоса алады.

## Жас малшылардың қатары көбейуде

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Жетісу секторларының және ауылдарының жігіттері мен қыздары «Жастар! Мал фермаларына барыңыздар!» деген патриоттық үндеуге қызу жауап беруде.

Өткен жылы Сарқанд ауданында 300-ге жуық жас патриоттар колхоз фермаларына жұмысқа барды. Көптеген жастар көзінді өзінде алғашқы табыстарға жетіп, 1955 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға кандидаттар болып ұсынылды.

28 гвардияшылар атындағы ауданның Шоқан атындағы колхозының комсомол ұйымында СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарлары талқыланғаннан кейін колхоз кітапханашысы бо-

лып істеген комсомол ұйымының секретары Зылиха Тамшыбаева бастаған он комсомолец мал фермаларында тұрақты жұмыс істеуге көшті. Жеті комсомолец Ақсу ауданының Буденный атындағы колхозының фермаларына баруға жолдамалар алды.

Октябрь қой совхозында екі комсомол-жастар бригадасы құрылды. Оларды 1954 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысқан комсомолец В. Әжібеков және тәжірибелі жас шопан Н. Молдабеков басқарады.

Февральда облыстың мал фермаларына жұмыс істеуге 200-ге жуық комсомолецтер мен жастар келді.

## Жүгері өсіруге атсалысайық

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). «Жүгері өсіруге атсалысайық» —БЛЕЖО Орталық Комитетінің бұл үндеуін Павлодар облысының комсомолецтері мен жастары қызу қабы алды.

Барлық жерлерде комсомол звеноларын толықтыру басталды. Қайманачихинск совхозының жас қызметкерлері 800 гек-

тар жүгері егіп, одан мол өнім өсіруге міндеттенді.

Лозов ауданының бес колхозында және Галкин, Дюропа аудандарының бірқатар ауылшаруашылық артельдерінде құрылған звенолар жергілікті тыңайтқыштарды жыйнастыруға, жүгері өсірудің озат агротехникасын үйренуге кірісті.



# Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің 1955 жылғы 6 марттағы сайлауының қорытындылары туралы

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің сайлауы жөніндегі қалалық сайлау комиссиясының

## Х А Б А Р Ы

1955 жылғы 7 мартта, таңертеңгі сағат 4-те Петропавл қалалық сайлау комиссиясына округтік сайлау комиссияларынан еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің сайлауының нәтижелері туралы барлық 47 округтік сайлау комиссияларының деректері негізінде жасалған мәліметтер түсті.

Барлық округтік сайлау комиссияларынан алынған мәліметтер бойынша, Петропавл қалалық Советінің депутаттарын сайлауға барлық сайлаушылардың 99,98 проценті қатысты.

Барлық 210 сайлау округінде дауыс беруге қатысқан барлық сайлаушылардың 99,51 проценті коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс берді. Дауыс беруге қатысқан барлық сайлаушылардың 0,49 проценті депутаттыққа ұсынылған кандидаттарға қарсы дауыс берді.

Сайлау туралы Ереженің 99 статьясы негізінде дұрыс емес деп табылған бюллетеньдер болмады.

Қалалық сайлау комиссиясы «Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауы туралы Ереженің» 28 статьясы негізінде әрбір сайлау округі бойынша материалдарды қарап, Петропавл қаласының барлық 210 округінде Петропавл қалалық Советіне сайланған депутаттарды тіркеді.

Барлық сайланған депутаттар коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары болып табылады.

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің сайлауы жөніндегі қалалық сайлау комиссиясы.

# Еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық Советіне сайланған депутаттардың Т І З І М І

Абдулхалимова Роза Алексеевна — № 109 сайлау округі.  
Агарнова Евдокия Домьяновна — № 84 сайлау округі.  
Азаматова Рошида Шәріпқызы — № 80 сайлау округі.  
Алханов Рәшид Ахрарұлы — № 33 сайлау округі.  
Ананченко Андрей Анисимович — № 110 сайлау округі.  
Андреев Николай Николаевич — № 183 сайлау округі.  
Андреев Петр Степанович — № 100 сайлау округі.  
Арапов Василий Сергеевич — № 180 сайлау округі.  
Ахременков Александр Алексеевич — № 199 сайлау округі.  
Базилевский Михаил Сильч — № 72 сайлау округі.  
Байқадамов Жұмаш — № 66 сайлау округі.  
Бармашев Михаил Дмитриевич — № 34 сайлау округі.  
Башнатов Валентина Никифоровна — № 207 сайлау округі.  
Башниров Степан Федорович — № 107 сайлау округі.  
Бегунова Антонина Марковна — № 139 сайлау округі.  
Белова Тамара Максимовна — № 96 сайлау округі.  
Берденбеков Мақжан — № 30 сайлау округі.  
Бондаренко Апполина Григорьевна — № 169 сайлау округі.  
Борзов Николай Андреевич — № 69 сайлау округі.  
Бряннов Александр Спиридонович — № 148 сайлау округі.  
Бурбенчик Вера Степановна — № 188 сайлау округі.  
Бурловская Валентина Селиверстовна — № 177 сайлау округі.  
Басилевский Иван Васильевич — № 71 сайлау округі.  
Васильев Василий Сергеевич — № 126 сайлау округі.  
Васильев Николай Григорьевич — № 138 сайлау округі.  
Васильева Зинаида Николаевна — № 101 сайлау округі.  
Верпета Андрей Исаакович — № 145 сайлау округі.  
Блашин Петр Иванович — № 118 сайлау округі.  
Веронев Алексей Сергеевич — № 116 сайлау округі.  
Воронцова Валентина Петровна — № 113 сайлау округі.  
Вотиков Михаил Васильевич — № 68 сайлау округі.  
Габченко Петр Андреевич — № 181 сайлау округі.  
Гаврилов Анна Михайловна — № 58 сайлау округі.  
Галинина Валентина Петровна — № 200 сайлау округі.  
Галынин Иван Тимофеевич — № 133 сайлау округі.  
Герасимова Елизавета Ефремовна — № 102 сайлау округі.  
Глазунова Тамара Васильевна — № 53 сайлау округі.  
Геримова Александра Петровна — № 141 сайлау округі.  
Горлина Мария Александровна — № 103 сайлау округі.

Лушниковна Анфиза Дмитриевна — № 32 сайлау округі.  
Лысов Семен Максимович — № 158 сайлау округі.  
Лябух Николай Нестерович — № 210 сайлау округі.  
Ляшова Татьяна Михайловна — № 27 сайлау округі.  
Масарова Зинаида Харитоновна — № 182 сайлау округі.  
Мазлова Мария Ивановна — № 208 сайлау округі.  
Максимов Александр Порфирьевич — № 132 сайлау округі.  
Манечков Петр Александрович — № 147 сайлау округі.  
Малышев Алексей Григорьевич — № 63 сайлау округі.  
Маршлов Георгий Павлович — № 157 сайлау округі.  
Маркина Прасковья Григорьевна — № 177 сайлау округі.  
Матвеев Иван Емельянович — № 184 сайлау округі.  
Медведева Надежда Михайловна — № 36 сайлау округі.  
Меньшикова Параскева Даниловна — № 87 сайлау округі.  
Мименикова Агафья Ефимовна — № 64 сайлау округі.  
Михеенко Виктория Дмитриевна — № 83 сайлау округі.  
Могилев Пантелей Андреевич — № 131 сайлау округі.  
Молоткова Анна Яковлевна — № 11 сайлау округі.  
Мотузова Зоя Степановна — № 50 сайлау округі.  
Мұхамеджанов Галым Ахмеджанұлы — № 88 сайлау округі.  
Мужко Любовь Степановна — № 45 сайлау округі.  
Нагорнова Варвара Тимофеевна — № 195 сайлау округі.  
Назырова Сәлия Хайроллақызы — № 38 сайлау округі.  
Нагорнов Михаил Никитич — № 194 сайлау округі.  
Нефедов Павел Алексеевич — № 49 сайлау округі.  
Никонов Григорий Андреевич — № 14 сайлау округі.  
Несова Татьяна Прокопьевна — № 137 сайлау округі.  
Нурғалиева Нуралия Меңліханқызы — № 24 сайлау округі.  
Ольшанская Мария Митрофановна — № 47 сайлау округі.  
Омельчук Виктор Николаевич — № 164 сайлау округі.  
Оразов Абдікәрім — № 5 сайлау округі.  
Орловский Николай Васильевич — № 155 сайлау округі.  
Осипова Анна Павловна — № 106 сайлау округі.  
Пан Константи́н Германович — № 22 сайлау округі.  
Петров Макарий Иванович — № 86 сайлау округі.  
Песунцова Валентина Алексеевна — № 78 сайлау округі.  
Плотникова Юлия Тимофеевна — № 48 сайлау округі.  
Полипов Иван Петрович — № 119 сайлау округі.  
Полесова Антонина Никитична — № 31 сайлау округі.

# ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

Австрия доғоворы туралы мәселе жайында

Соңғы уақытта ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Австрия Республикасының Москвадағы Елшісі Н. Бишофф мырзамен екі рет — 25 февральда және 2 мартта кездесті. Шетелдік баспасөзде, соның ішінде Австрия газеттерінде де, жоғарыда көрсетілген кездесулер кезінде жасалған әңгімелердің мазмұнын теріс баяндайтын хабарлар басылып отырғандықтан, төменде осы әңгімелердің мазмұнын келтіріліп отыр:

25 февральда ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Австрия Республикасының Москвадағы Елшісі Н. Бишофф мырзаны қабылдап, одан Австрия проблемасын реттеу туралы Совет Одағы Үкметінің осы жылғы 8 февральдағы ұсыныстарына Австрия Үкметінің қалай қарайтынын сұрады.

Жұртқа мәлім, ССР Одағы Жоғарғы Советінің сессиясында ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовтың «Халықаралық жағдай және ССРО Үкметінің сыртқы саясаты туралы» баяндамасында 8 февральда Совет Үкметінің атынан Австрия мәселесі жөнінде мынадай мәлімдеме жасалған болатын:

«Совет Одағы Австрия мәселесін, демократиялық Австрияның тәуелсіздігін толық қалпына келтіру туралы мәселені Еуропада бейбітшілікті сақтап, нығайту мүдделеріне сәйкес шешуге зор маңыз береді.

Совет Үкметі Австриямен мемлекеттік доғовор жасау ісін қандай да болсын онан әрі сөзуді орынсыз деп есептейді. Мұнымен бірге, Париж келісімдері сияқты, Батыс Германияны ремилитарландыру жоспарларынан Австрия үшін туатын қауіпшен де есептесекке болмайды.

Мұның бәрі Совет Үкметіне Австрия мәселесіне байланысты мынадай қорытындылар шығаруға дәлел болады:

**Бірінші.** Ең алдымен мына жағдаймен есептесу қажет: әсіресе Батыс Германияны ремилитарландыру жоспарларының болып отыруы, мұның өзі Австрияны қосып әкету (аншлюсс) қауіпін күшейтетіндігі себепті, Австрия мәселесін шешуді герман мәселесіне байланысты қарауға болмайды.

Мұның мәнісі тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы мемлекеттік доғовор жасағанда Германияның Австрияны жаңадан өзіне қосып алуына мүмкіндік қалдырмайтын шешім табуы керек қылады, мұның үшін төрт державаның герман мәселесінде өзара келісіп тиісті шаралар қолдануы керек болады. Бұлай болғанда төрт державаның Австриядағы әскерлерін онан, Германиямен бітім доғоворы жасалуын күтпей-ақ, шығаруға болар еді.

қан болар еді. Бұған, тегінде, Австрия Үкметінің басшыларымен тікелей байланыс жасау да көмектескен болар еді, мұндай байланыстың қажет екендігін Австрияның канцлері Ю. Рааб мырза да жұырда айтқан болатын.

Австрия Елшісі Н. Бишофф мырза В. М. Молотов айтқан пікірлер туралы Венаға өзінің жедел хабарлайтынын мәлімдеді және осыған байланысты Австрия мәселесі жөніндегі 8 февральдағы Совет ұсыныстары жайында түсініктер беруді өтінді.

В. М. Молотов мұндай түсініктерді берді. Атап айтқанда, былай деп мәлімдеді: Совет жағы Австрия туралы мәселенің шешімін герман мәселесін шешумен байланыстырып отырған жоқ, қайта тек бұл екі мәселенің арасында болып отырған табиғи байланысқа ғана назар аударды. Соның өзінде Совет Үкметі Австрияға жаңа апишлюсске жол бермеуге бағытталған шаралар туралы келісімге ерекше маңыз беріп отыр. Сонымен қатар Берлин кеңесінде Совет делегациясының шетелдік әскерлерді Австриядан әкетуді Германиямен бітім доғоворын жасасақанда дейін кейінге қалдыруды талап еткені атап көрсетілді. Ал кәзір Совет жағы, Германиямен бітім доғоворын жасасуды күтпестен, бірақ Германияның Австрияны жаңадан өзіне қосып алуына мүмкіндік бермейтіндей келісілген тиісті шаралар туралы келісіп алып, төрт державаның әскерлерін Австриядан әкетуді жүзеге асыруды ұсынып отыр.

Совет Үкметі, деп мәлімдеді В. М. Молотов бұдан кейін, мұнымен қатар Совет ұсыныстарында көрсетілген мемлекеттерге қарсы бағытталған қандай да болса коалицияларға немесе етес одақтарына Австрияның қатыстырылмауына және Австрия территориясының шетелдік соғыс базаларын құру үшін пайдаланылатын болмауына зор маңыз беріп отыр. Бұл ережені сақтаудың, АҚШ, Англия, Франция және Совет Одағының үкметтері өздеріне тиісті міндеттемелер алған күнде, Австрияның өз мүдделеріне де сай келетіндігі айқын.

В. М. Молотов және былай деді: Совет Үкметінің пікірінше, ССРО Үкметінің 8 февральдағы ұсыныстарында айтылған Австрия қатыстырылатын 4 державаның кеңесін Париж келісімдерін бекіткенге дейін шақыру қажет.

Екінші мартта Австрия Елшісі Н. Бишофф мырза ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовқа жолытып, былай деп мәлімдеді: оның Бишоффпен 25 февральдағы әңгімесінде жасаған мәлімдемесін Австрия Үкметі аса қанағаттанғандықпен еске алды. Австрия Үкметі совет жағынан ішкі қарай маңызды қарар



Губайдуллина Бадур Сибгатовна — № 28 сайлау округі.  
Губайдуллина Бадур Сибгатовна — № 140 сайлау округі.  
Гулма Анна Григорьевна — № 172 сайлау округі.  
Доулетжидиева Рашида Газизовна — № 46 сайлау округі.  
Данилов Николай Федорович — № 9 сайлау округі.  
Даровских Клавдия Алексеевна — № 152 сайлау округі.  
Дегтяренко Зинаида Николаевна — № 52 сайлау округі.  
Диденко Матрена Артемьевна — № 193 сайлау округі.  
Добрынина Наталья Васильевна — № 37 сайлау округі.  
Дроздецкая Илона Васильевна — № 16 сайлау округі.  
Дроздина Любовь Григорьевна — № 192 сайлау округі.  
Дубов Алексей Михайлович — № 163 сайлау округі.  
Дүзбаев Турмаан Түсулжанұлы — № 190 сайлау округі.  
Дятлова Прасковья Никифоровна — № 70 сайлау округі.  
Егоров Петр Семенович — № 51 сайлау округі.  
Емельянов Иван Федорович — № 146 сайлау округі.  
Ерохин Константин Георгиевич — № 168 сайлау округі.  
Ерошин Иван Владимирович — № 19 сайлау округі.  
Ефимов Василий Данилович — № 1 сайлау округі.  
Жандосов Зейкен — № 175 сайлау округі.  
Жосанина Валентина Васильевна — № 98 сайлау округі.  
Жостян Федор Михайлович — № 127 сайлау округі.  
Жос Вера Ивановна — № 108 сайлау округі.  
Жүмашев Илья Зәкірұлы — № 41 сайлау округі.  
Журавлева Анна Ивановна — № 150 сайлау округі.  
Жұсыпов Төмірғали Әбдіұлы — № 176 сайлау округі.  
Заваленков Сергей Никитович — № 61 сайлау округі.  
Зайкин Константин Григорьевич — № 185 сайлау округі.  
Захаров Илья Никитович — № 93 сайлау округі.  
Зернов Юрий Генрихович — № 54 сайлау округі.  
Зисович Григорий Самойлович — № 162 сайлау округі.  
Ибрагимов Рәшит Газизұлы — № 6 сайлау округі.  
Ыбраев Уәйс — № 135 сайлау округі.  
Иванов Анатолий Максимович — № 67 сайлау округі.  
Иванова Агриппина Ефимовна — № 4 сайлау округі.  
Иванцов Павел Михайлович — № 59 сайлау округі.  
Иванченко Николай Сергеевич — № 97 сайлау округі.  
Иван Савелий Васильевич — № 179 сайлау округі.  
Исхимов Василий Георгиевич — № 174 сайлау округі.  
Исаков Владимир Иванович — № 201 сайлау округі.  
Исупов Марья Матвеевич — № 143 сайлау округі.  
Казанцев Иван Садофьевич — № 62 сайлау округі.  
Калинин Андрей Андреевич — № 89 сайлау округі.  
Каменистая Людмила Алексеевна — № 124 сайлау округі.  
Камынин Иван Михайлович — № 92 сайлау округі.  
Керимова Мүршида Хасанқызы — № 23 сайлау округі.  
Китцева Таисия Васильевна — № 94 сайлау округі.  
Кленовичий Николай Захарович — № 17 сайлау округі.  
Климов Борис Луквич — № 12 сайлау округі.  
Коваленко Тамара Михайловна — № 122 сайлау округі.  
Козачинский Александр Алексеевич — № 154 сайлау округі.  
Козина Зоя Александровна — № 197 сайлау округі.  
Колесникова Елена Ивановна — № 153 сайлау округі.  
Константинова Лидия Митрофановна — № 82 сайлау округі.  
Кравцов Виктор Александрович — № 18 сайлау округі.  
Кривошеин Петр Митрофанович — № 74 сайлау округі.  
Кудряшова Валентина Ивановна — № 142 сайлау округі.  
Кузин Семен Ефремович — № 77 сайлау округі.  
Кузнецова Лидия Петровна — № 196 сайлау округі.  
Кукушкин Василий Ползневич — № 95 сайлау округі.  
Лазарева Фекла Захаровна — № 81 сайлау округі.  
Ладухин Михаил Евтихович — № 25 сайлау округі.  
Латышова Елена Даниловна — № 111 сайлау округі.  
Леснев Григорий Иванович — № 206 сайлау округі.  
Липин Иван Ефимович — № 166 сайлау округі.  
Лосев Григорий Васильевич — № 167 сайлау округі.

Пелякес Николай Федорович — № 202 сайлау округі.  
Попадко Алексей Яковлевич — № 136 сайлау округі.  
Попов Ермолай Ильич — № 178 сайлау округі.  
Попов Михаил Васильевич — № 129 сайлау округі.  
Поротников Павел Никитович — № 159 сайлау округі.  
Прудко Иван Илларионович — № 39 сайлау округі.  
Пятилетова Лидия Федоровна — № 203 сайлау округі.  
Пятнова Евгения Павловна — № 112 сайлау округі.  
Рогальский Павел Петрович — № 15 сайлау округі.  
Рахимьянов Шаймерден — № 209 сайлау округі.  
Риганелович Валентина Ивановна — № 13 сайлау округі.  
Родин Георгий Николаевич — № 171 сайлау округі.  
Раева Жамал — № 99 сайлау округі.  
Рымшина Александра Фадеевна — № 125 сайлау округі.  
Санара Иван Игнатьевич — № 44 сайлау округі.  
Савран Иван Владимирович — № 115 сайлау округі.  
Савин Михаил Алексеевич — № 165 сайлау округі.  
Савин Михаил Тимофеевич — № 205 сайлау округі.  
Селиверстова Елена Николаевна — № 40 сайлау округі.  
Селинов Алексей Александрович — № 55 сайлау округі.  
Серов Спартак Петрович — № 60 сайлау округі.  
Сердюков Павел Трофимович — № 73 сайлау округі.  
Селиванов Алексей Афанасьевич — № 90 сайлау округі.  
Семидоцкая Надежда Титовна — № 91 сайлау округі.  
Семенова Наталья Петровна — № 156 сайлау округі.  
Синчило Пантелей Винидиктович — № 85 сайлау округі.  
Слюшко Антон Владимирович — № 170 сайлау округі.  
Соколов Алексей Алексеевич — № 8 сайлау округі.  
Соснина Ольга Александровна — № 56 сайлау округі.  
Сорокин Василий Федорович — № 57 сайлау округі.  
Сушица Евгения Доросеевна — № 20 сайлау округі.  
Сухих Антонина Ивановна — № 204 сайлау округі.  
Тарабин Павел Иванович — № 189 сайлау округі.  
Топпанов Дүйсек — № 35 сайлау округі.  
Трушкин Алексей Алексеевич — № 10 сайлау округі.  
Трелин Анатолий Алексеевич — № 28 сайлау округі.  
Трифонов Михаил Ефимович — № 114 сайлау округі.  
Тренина Ольга Ивановна — № 160 сайлау округі.  
Тумин Михаил Кузьмич — № 120 сайлау округі.  
Түлкібасова Әсия Ғаббасқызы — № 134 сайлау округі.  
Оспанов Қабаш Рысбайұлы — № 75 сайлау округі.  
Оспанова Зинаида Константиновна — № 105 сайлау округі.  
Федотова Евгения Прокофьевна — № 191 сайлау округі.  
Филиппов Василий Владимирович — № 104 сайлау округі.  
Фомин Борис Александрович — № 129 сайлау округі.  
Фоминих Мария Михайловна — № 198 сайлау округі.  
Храпунова Лидия Васильевна — № 42 сайлау округі.  
Хрушов Василий Петрович — № 121 сайлау округі.  
Цимбал Ефим Васильевич — № 121 сайлау округі.  
Чаева Мария Ивановна — № 43 сайлау округі.  
Чвирикова Мария Александровна — № 123 сайлау округі.  
Чернышов Александр Иванович — № 130 сайлау округі.  
Чернуха Андрей Андреевич — № 149 сайлау округі.  
Черемных Ираида Михайловна — № 151 сайлау округі.  
Чуранов Владимир Иванович — № 144 сайлау округі.  
Шаймов Мурат — № 161 сайлау округі.  
Шарова Вера Викторовна — № 186 сайлау округі.  
Шәкіров Ғалым Шәкірұлы — № 187 сайлау округі.  
Шелудилова Валентина Дмитриевна — № 76 сайлау округі.  
Шибасов Иван Николаевич — № 128 сайлау округі.  
Шолохова Зоя Митрофановна — № 79 сайлау округі.  
Шульжицкий Михаил Михайлович — № 7 сайлау округі.  
Шульгина Евсения Петровна — № 65 сайлау округі.  
Щербанов Александр Васильевич — № 2 сайлау округі.  
Эсперова Елена Леонидовна — № 173 сайлау округі.  
Юрневич Зинаида Степановна — № 3 сайлау округі.

Еңбешілер депутаттарының Петропавл қалалық Советінің сайлауы жөніндегі қалалық сайлау комиссиясы.

ға қарсы соғысқа және Австрияны азат етуге өзінің қарулы күштерімен қатысқан қандай да болсын державаға қарсы бағытталған қандай да болсын коалицияларға, немесе соғыс одақтарына қосылмауға, сол сияқты өзінің территориясында шетелдік соғыс базаларының жасалуына жол бермеуге міндеттенуге тиіс.

АҚШ, Англия, Франция және Совет Одағының үкметтері де өз тарапынан бұл ережелерді орындап отыруға міндеттенуге тиіс.

Үшінші. Австрия мәселесін неғұрлым жедел шешу үшін төрт державаның келісімінен шақыру қажет. Бұл кеңесте герман мәселесі, сол сияқты Австриямен мемлекеттік договор жасау туралы мәселе қаралуға тиіс. Мұның өзі, әдетте, Австрияның мемлекеттік договоры туралы мәселені шешуге Австрияның қатысуын керек қылады.

Мұнымен бірге, Батыс Германияда милитаризмнің қайта тууына жол ашатын Париж келісімдері бекітілген күнде, аншлюстің зор қаупі, олай болса, Австрияның тәуелсіздігіне қауіп туатындығын ескеру қажет.

Австрияның Елшісі Бишофф мырзамен жасалған жоғарыдағы әңгімеде В. М. Молотов былай деп мәлімдеді: Совет жағының пікірінше, жоғарыда келтірілген совет ұсыныстары негізінде Австрия мәселесін шешудің ілгері бастыруға кәзіргі уақытта мүмкіндік бар, ал Австрия мен ССРО арасында алдын ала келіссөздер жүргізу бұл мақсатқа жетуге көмектес-

## Советтік студенттер және жастар газеттері редакторларының АҚШ-қа баруы туралы

Баспасөзде хабар етілгеніндей, 1953 жылы Совет Одағында болған американдық студенттер газеттерінің редакторлары советтік студенттер және жастар газеттері редакторларының делегациясын АҚШ-қа шақырған болатын.

Бұл шақыру қабылданды, сөйтіп, 1954 жылы жазда совет делегациясының мүшелері Москвадағы американдық Елшілігінен АҚШ-қа баруға рұқсат беруді сұрады. Алайда, АҚШ үкметі жазғы каникул кезінде АҚШ-та ұйымдасқан студенттер және жастар арасындағы белсенділік болмашы ғана деген сылтаумен бұл тілекті қабылдамады.

1954 жылдың ноябрінде советтік студенттер газеттерінің редакторларына рұқсат беру туралы қайтадан тілек білдірілді.

1955 жылы 10 мартта АҚШ-тың Елшілігі ССРО Сыртқы Істер Министрілігіне Совет Одағының студенттер және жастар газеттерінің бір топ редакторларына 30 күн мерзімге рұқсат берілетін бо-

ласалғанын түсінеді. Австрия Үкметі, атап айтқанда, аншлюске жол бермеу үшін кәзір және болашақта қандай шараларды қолдану мүмкін екендігі туралы мәселе жөнінде келісімге жөту Австрия мәселесін шешу үшін қажет, ал мұндай келісімге жеткеннен кейін шетелдік әскерлерді Австриядан әкетуді жүзеге асыруға болады деген мәлімдемеге зор маңыз береді.

Бишофф мырза және былай деді: сонымен бірге, Австрия Үкметінің пікірінше Австрия мәселесін реттеу үшін барлық оқуыңиялаушы державалармен келіссөздер жүргізу керек, ал Австрия Үкметінің түсінуінше, дәл кәзіргі уақытта мұндай келіссөздерге негіз әзірленуде. Елші Совет Үкметінің Австрия мәселесі жөніндегі ұсыныстары жайында оған әрі түсініктер алғысы келетін тілек білдірді.

В. М. Молотов былай деп жауап берді: Совет жағы Австрия мәселесі жөнінде инициатива көрсетіп, өзінің көзқарасын тіпті бұдан бұрын Совет Үкметінің 8 февральдағы нақты және дәл тұжырымдалған ұсыныстарында айтып берген болатын. Ал Австрия Үкметінің жоғарыда көрсетілген совет ұсыныстары жөніндегі позициясы өзі де айқын білдірілген жоқ. Кәзіргі кезеңде келіссөздерді оған әрі жүргізе беру үшін ССРО Үкметінің осы ұсыныстары жайындағы Австрия Үкметінің белгілі пікірін білген дұрыс болар еді.

Елші Бишофф бұл әңгіменің мазмұнын Австрия Үкметіне жеткізуге уәде берді.

лады, деп хабарлады. Редакторлар тобы осы мерзімнің ішінде Нью-Йоркта, Вашингтонда, Детройтта (Анн Арбор), Чикагода, Сан-Францискода және Лос-Анжелоста бола алады. Кәзір тығым салынған аудандағы Атланта қаласының орнына бұл топ Алабама штатындағы Таскиги қаласына бара алады.

АҚШ Елшілігі Мемлекеттік Департамент совет аудармашыларына рұқсат беру туралы өтінішті қабылдамайтынын хабарлады. Мұның өзінде Елшілік советтік студенттер және жастар газеттері редакторларының тобымен бірге Американың халықаралық білім институты белгілеген аудармашылар мен жол көрсетушілер еріп жүреді деп көрсетті.

АҚШ Елшілігі мынаны мәлім етті: сапардың маршрутында болмашы ғана өзгерістер болуы мүмкін, бірақ барлық өзгерістерді жол жүрудің қолданылып жүрген ережелеріне сәйкес Құрама Штаттардың үкметі қарап, арнаулы төртінші мақұлдауға тиіс.



# Жүгері—астық пен жемшөп қорын толықтырудың қайнар көзі

## Петропавл ауданы быйыл 3329 гектар жүгері егеді

### Тұқымдық жүгері егеміз

СОБП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы мал азығының базасын жақсартуында мал басын көбейтуге, оның өнімділігін арттыруға болмайтындығын атап көрсетті. Ал мал азығының базасын нығайту міндеті мал азығының дақылдар егісін, оның ішінде жүгері егісінің көлемін ұлғайтудан және одан мол өнім алынуын қамтамасыз еткен күнде ғана шешіледі.

Өткен жылға дейін біздің колхозда кейбір колхозшылар жүгері тек ауа райының жылы жерлерінде ғана өседі деген теріс ұғымда болып жүрді. Бұл пікірдің қате екендігін өткен жылғы жұмыс тәжірибесі айқын дәлелден берді.

Біздің колхоз өткен жылы бірінші рет жүгері егісін екті. Алғашқы жылдың өзінде колхоз 66 гектар жүгері егіп, сұразықтардың қорын осы дақылдан алынған өніммен едәуір ұлғайтты.

Атап айту керек, алғашқы жылы біз бұл дақылты өсіруге жете көңіл аударғанымыз жоқ. Тіпті МТС агрономдарының өздері жүгеріні қай кезде, қалай егу, оны күту жұмыстарын ұйымдастыру, сол сияқты, жыйнау мерзімін көрсету мәселелерін колхозшыларға жете түсіндірмеді. Жүгері егісі егілгеннен кейін оны күту де дұрыс ұйымдастырылмады. Сонымен бірге оны жыйнауға кеш кірістік. Осыдан барды да жүгері өсіп кетіп, өлмей қалды.

Біздің колхозда тыс және тыңайған жерлерді игеруге байланысты шабындық және жайылымдық учасктордың көлемі едәуір азайды. Сондықтан үстіміздегі жылдан бастап сауын сыйырларды қысы-жазы бірдей қолдан азықтандыру міндетін жүзеге асырамыз. Бұл үшін мал азығының дақылдар егісінің көлемін ұлғайту және одан мол өнім алынуын қамтамасыз ету ең маңызды міндет болып отыр.

Осы мақсатпен быйыл малазығындық

### Жаңа іске әзірлік

Біздің совхоз қалаға жақын орналасқан шаруашылықтың бірінен саналады. Сондықтан совхоз коллективі қала еңбекшілерінің картоп, оясы өнімдері жөніндегі ғана емес, сол сияқты мал шаруашылығының өнімдері — ет, сүт жөніндегі қажеттерін қанағаттандырып отыруға тиіс. Ал мал шаруашылығы өнімдерін арттыру үшін малды қунарлы азықпен зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес азықтандыра білу керек.

дақылдардың көлемі 1000 гектарға дейін ұлғайтыламын. Оның 407 гектары тек қана жүгері егісі. 20 гектар жүгері дән алу үшін егіледі. 200 гектардай жүгері малды жазғы маусымда азықтандыру үшін көкшөп есебінде егілсе, қалғаны сұразықтар дайындау үшін егіледі. Мұның өзі әрбір сыйыр малына жылына 8-9 тонна сұразық дайындауға мүмкіндік береді тиіс.

Колхозшылар жүгері егуді тек шаршы-ұялы әдіспен жүргізін қана қоймай, оны күту жұмысын агротехникалық ережелерге сәйкес ұйымдастырудың қамын істеуде. Жүгері егісі өніп-өсе бастағанда оған минералдық тыңайтқыштармен үлестеме керек беріледі.

Көзір колхозда жүгері өсіретін екі бригада ұйымдастырылды. Бригада мүшелері жүгері егісін егудің, күтудің және жыйнауың агротехникасын үйренуде.

Жүгерінің осындай шаруашылық зор маңызы бар болғандықтан біз бұл дақылдың тұқымын өз колхозымызда өсіргелі отырмыз. Бұл дақылдың тұқымын өз колхозымызда өсірмейінше жүгері егісін ұлғайту, одан мол өнім алудың қиынырақ соғатынын жақсы түсінеміз. Тұқым өсіретін учасок көзір Есіл өзенінің жағасындағы құм топырақты жерден таңдап алынды.

Жүгері егуде өткен жылы жіберілген көшіліктерден тиісті дорытыңды шығара отырып, быйыл жүгеріден дәндей және көкше күйінде мол өнім алынуына жетісеміз. Мұның өзі біздің колхоздың мал шаруашылығының қунарлы жемшөп қорына деген қажетін қанағаттандыруға көмекші үлесін қосып қана қоймай, сонымен бірге мал шаруашылығында жаңа табыстарға жетуімізге де үлес қосады.

**Е. БӘУКЕНОВ,**  
«Луч Ленина» колхозының председателі.

### Әрі астық, әрі жемшөптің даңыл

Осы уақытқа дейін біздің колхозда мал басының өсуі және одан алынып келген өнім мөлшері жаңа міндеттер дәрежесіне сай болмай отыр. Бұған колхозда жемшөп базасының нашар болуы негізгі себеп болып келеді. Жыл сабын колхозда қоғамдық мал үшін қунарлы азық кем әзірленеді. Осыған қарамастан біз өткен жылға дейін малазығындық дақылдарды егуге жеткілікті мән бермегенімізді мойындауымыз керек.

Партиямыз бен үкметіміз мал шаруашылығын өркендетуде жүгері егісін егудің маңызы ерекше зор екенін атап көрсетіп, жергілікті партия, совет ұйымдарын, ауылшаруашылық органдарын колхоздар мен совхоздарда жүгері егісінің көлемін ұлғайтумен бірге, одан мол өнім алынуын қамтамасыз етуге міндеттен отыр. Жүгері—мал азығының базасын нығайтудың қайнар көзі екенін өткен жылғы өзіміздің іс тәжірибемізден айқын көрдік.

Жүгері егісінен мол өнім алу үшін, көп еңбектену керек. Өткен жылы біздің колхозда 18 гектар жүгері бұрын жаздық бидай және картоп дақылдары егілген учасоктерге орналастырылды. Бұл жерлер 1953 жылдың күзінде зябке жұртылған болатын. Көктемде аңыз екі ізде тырмаланды.

Жер тырмаланғаннан кейін тұқым себуді ұйымдастырдық. Жүгерінің тұқымы «СП-6» сеялкасымен шаршы-ұялап отырғызылды. Әрбір гектар жерге 28 килограмм тұқым себіліп, тұқым себу жұмысы 12 майдан 16 майға дейін жүргізілді.

Өткен жылдың іс тәжірибесі жүгерінің тұқымын құрғақ күйінде себу, оның өсіп, жетілу мерзімін кешіктіретіндігін көрсетті. Біз құрғақ тұқым сеппеннен кейін дәннің үшінші аптада өне бастағанын көрдік.

Жүгерінің өніп-өсуі біркелкі болды. Бірақ олардың қатараралығына арамшөптер шыға бастады. Сондықтан арамшөпті жұлып, құртуға ерекше назар аударылды. Дақылдың қатараралықтары культиватормен екі рет бапталды. Бірінші баптау жұмысы 12 июльде жүргізілсе, 4 июльде жүгері екінші рет тағы да арамшөптен тазартылды.

Осылайша баптауымыз жүгерінің өніп-өсуіне қолайлы жағдай жасады. 18 гектар учасокке өскен жүгерінің биіктігі 2—2,5 метр болды. Жүгерінің өсу биіктігі осы мөлшерге жеткен кезде оны «Сталинец-6» комбайнмен жыйнадық. 18 гектар жүгерінің әрбір гектарынан көкше күйінде 250 центнер өнім жыйналды. Мұның өзі колхозда 4500 центнердей сұразық дайындауға мүмкіндік берді. Көзіргі уақытта колхоздың сауын сыйырлары өте сүйсініп жейді. Соңғы кезде колхозда сауын сыйырлардан алынған келген сүт мөлшері жабайы жемшөптен азықтандырылған кезден екі есе молайды. Сонымен бірге сыйырлардың сүтінің майлылығы да артты.

Жүгері егісінің мал шаруашылығын өркендетудегі осындай маңыздылығын біз өзіміздің іс тәжірибемізден айқын көріп отырмыз. Сондықтан быйыл бұл дақылдың көлемін өткен жылғыдан үш есе ұлғайту жоспарланып отыр.

Жүгерінің тамыры ылғалды және қоғалды затты жердің едәуір тереңдігіне жетеді. Сондықтан біз алдағы жылы жүгері егісін егу үшін быйыл жерді 40—50 сантиметр тереңдікте қайырмасыз плугпен жұртамыз. Содан кейін ол аңыздық тұқым себер алдында культивациялаймыз және тырмалаймыз.

Жүгері егісін тек шаршы-ұялы әдіспен ғана егу міндеті жүзеге асырылады. Мұның өзі дақылды баптап-күту жұмысын техника күшімен атқаруға мүмкіндік береді.

Көктемде тұқым себу жұмысын өткен жылғыдан ерте және жер қабаты жылыған кезде жүргіземіз. Әрбір гектар жерге себілетін тұқым мөлшері 32—33 килограммға жеткізіп, бір гектар жерде 60 мыңдай жүгері түбі өсуін қамтамасыз етеміз. Бұл алдындағы өнімді молайтады.

Біз быйыл үш гектар жүгеріні келесі жылғы егіске тұқымдық дән алу үшін егеміз. Бұл учасоктің әрбір гектарына көктемде суперфосфат тыңайтқыштарымен тыңайтамыз. Сөйтіп, жүгерінің өсу жылдамдығын тездетеміз.

**Р. БЕНЕТАЕВ,**  
Калинин атындағы колхоздың председателі.

### Агротехниканы толық қолданайық

Көзіргі уақытта Асанов МТС-нің қамтуындағы колхоздың алдында жүгері егісінің көлемін ұлғайтумен бірге, одан мол өнім алу жөнінде орасан зор міндет тұр. Өткен жылы біздің МТС-тің қамтуындағы колхоздарда 196 гектар жүгері егілсе, быйыл бұл дақылдың көлемі 1065 гектарға жетуі және оның әрбір гектарынан орта есеппен көкше күйінде келімінде 300 центнер өнім алынуы көзделіп отыр. Бұл қоғамдық меншіктегі және колхозшылардың меншігіндегі сыйыр малына сұразықты қажетінше әзірлеуге толық мүмкіндік туғызады.

Жүгеріден осындай өнім алу үшін алдымен егіс егуде, оны күту және жыйнауда агротехникалық ережелердің талабын мұқият жүзеге асыру қажет. Өткен жылдың жұмыс тәжірибесі жүгері өсіруге агротехникалық ережелер жүзеге асырылған жерлерде нәтиженің жақсы болатындығын, ал жүгерінің агротехникасына маңыз берілмеген жерде сапалы әр мол өнім алу мүмкін еместігін көрсетті.

Біздің облыста, оның ішінде МТС қамтуындағы колхоздарда жүгері быйыл екінші жыл ғана өсірілуде. Сондықтан бұл дақылды өсіруге агрономдар орасан зор роль атқаруға тиіс. Олар колхозшыларға жүгеріні қалай егу, күту, жыйнау жұмыстарының агротехникасын жете түсіндіруге және үйретуге міндетті.

Жүгеріден мол өнім алуға егіс алаңын таңдап алу жұмысы—агротехникалық шараларды жүзеге асырудың алғашқы қадамы. Біздің МТС-тің жағдайында жүгеріні құм топырақты жерлерге орналастыруға болады. Мұндай жерлерде жүгері тез өніп-өседі және өнімді мол береді.

Егіс алаңының арам шөптен тазалауы басты шарт. Өткен жылы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 10 гектар жүгері арам шөбі мол учасокке,

ал 4 гектар жүгері арамшөптен тазалап, құмтопырақты жерлерге орналастырылды. Қорытынды 10 гектар егілген жүгерінің шықпай қалғандығын, ал 4 гектарға егілген жүгеріден 970 центнер сұразық дайындалғандығын көрсетті.

Жүгеріні егу жұмысын жердің үстіңгі қабаты 10—12 градус жылығаннан кейін жүргізу керек. Себілетін тұқымды яровизациялау дәннің тез өнуіне қолайлы жағдай жасайды. Біздің МТС-тің колхоздары жүгеріні шаршы-ұялы әдіспен елпек. Мұның өзі егісті күту жұмысын техника күшімен атқаруға мүмкіндік береді. МТС-те алты «СП-6» және «СКП-4» сеялкалары бар. Бұл сеялкалар өнімді пайдаланылған уақытта біз жүгері егуді бір аптаның ішінде өткіземіз.

МТС жағында 15 марттан бастап сеялашыларды даярлайтын курс жұмыс істейді. Олар курста тұқым себудің жолдарын үйреніп, агротехникалық ережелердің бұрмалануына жол бермейтін болады. МТС-те 16 отамалы трактор бар. Бұлармен жүгерінің қатараралықтары бапталып, өңделеді.

Көзір колхозда 11 звено ұйымдастырылды. Бұл звенолардың мүшелері тек қана жүгері өсірумен шұғылданатын болады. Жақында МТС-те звено басшыларының семинары болады. Олар жүгері өсіруге зор табыстарға ие болған алдыңғы қатарлылардың жұмыс тәжірибелерімен және жүгері өсірудің агротехникасымен танысады.

МТС қамтуындағы колхоздардың колхозшылары және механизаторлар жүгері егуді агротехникалық ережелерге сәйкес өткізе отырып, одан мол өнім алынуына жеткісетін болады.

**Н. СТЕПАНОВ,**  
Асанов МТС-нің бас агрономы.

### Мал азығының молшылығы үшін

Осы уақытқа дейін біздің колхозда сыйырлардың қунарлылығы және ет есебіне танытылып келген малдың қандылығы төмен болып келді. Бұл малға берілетін қунарлы азықтың тапшылығынан болғандығын мойындау керек. Колхозшылар үстіміздегі жылдан бастап бұл көшіліктерге жол бермеу үшін мал азығының берік базасын жасау мақсатымен алдағы көктемде малазығындық дақылдар егісін егуге айырықша көңіл бөліп отыр.

Бізге мал азығына арналып сұлым, ар-

Сондықтан быйыл жүгері егісінің көлемін ұлғайтумен бірге, оны егу, күту ісінде агротехникалық ережелерді мұқият жүзеге асырамыз. Сұразық үшін егілетін 35 гектар жүгері мал фермаларынан 1—1,5 километр қашықтықтағы учасокке егіледі. Бұл жүгеріні кезінде жыйнауға және сүрлеуге қолайлы.

Өткен жылы 4 гектар егілген жүгері құмтопырақты учасокке егілген болатын. Быйыл біз барлық жүгеріні осындай учасокке орналастырмақшыз.

Партиямыз бен үкметіміз колхоздар





мисе, сондықтан да біздің совхозда жүгері егісін ұлғайту өте қажет. Біз совхоз фермаларындағы малды құнарлы жемішпен толық қамтамасыз ету үшін 764 гектар жүгері егуді жоспарлап отырмыз. Бұл дақылдан мол өнім алынуды қамтамасыз еткен жағдайда малды қысы-жазы бірдей сүрзімен және жазғы уақытта сыйыр малын көкшөпшен қамтамасыз ете аламыз.

Совхозда 50 гектар жүгері дән алу, 100 гектар жүгері көкшөп конвейері, ал, қалғаны сүрзілік дайындау үшін егіледі. Бір совхоздың 764 гектар жүгері егуі аз жұмыс емес. Сондықтан да оның шаршы-ұялы әдіс бойынша егілуі жоспарланып отыр. Бұл міндеттің мінсіз жүзеге асырылуы алдымен жүгері егуге тыңғылықты әзірленуге байланысты. Міне, сондықтан да совхоз коллективі бұл күндері жаңа іске — жүгері егуге әзірлікті қарқынды жүргізуде.


бар. Бірақ бұл сеялқалар жеткіліксіз. Сондықтан бізді мұндай сеялқалармен қамтамасыз ету жөнінде совхоздар тресінің алдына зор талап қойып отырмыз.

Жүгері егісінің барлығы ылғалды мол сақтайтын құм топырақты жерлерге орналастырылады. Көзірдің өзінде бұл учаскектер таңдап алынып, оларға қар қалың етіп тоқтатылды. Совхозда жүгері өсіретін екі бригада ұйымдастырылды. Ол бригаданың бірін агроном Васильев, ал екіншісін тәжірибелі егінші Мольников жолдастар басқарады.

Коллектив мүшелері жүгері егісін егуге осындай әзірлік жұмыстарын жүргізуде. Олар бұл іске барлық жағынан тыңғылықты дайындап отырып, оны егу жұмыстарын агротехникалық тережелерге сәйкес өткізетін болады.

**В. ЛОРЕНЦ,**

Петропавл совхозының бас агрономы.



Петропавл МТС-інде жүгеріні шаршы-ұялап себуге арналған «СН-6» сеялқасы жөндеуден өткізілді.  
СҮРЕТТЕ: байқаушы-механик М. Ким (сол жақта) мен агроном өңшең өсіруші В. Шымылға жөндеуден өткізілген сеялқаны қарап жүр.  
Суретті түсірген А. Розенштейн.

суданға екіне шөптері егіледі. Сонымен қатар 150 гектар жүгері егілуі жоспарланды. Оның 15 гектары дән алу үшін егілсе, 35 гектары сүрзілік дайындау және 100 гектары көкшөп үшін егілмек.

Өткен жылы колхозшылар 14 гектар жүгері еккен болатын. Мұның 10 гектары арашнәбі көп учаскектерге себілгендіктен шықпай қалды. Ал 4 гектар егілген жүгерінің шығымы жақсы болды. Бұл учаскектен біз 970 центнер сүрзілік дайындадық. Жүгеріден әзірленген сүрзілікпен қазіргі уақытта сауын сыйырлар азықтандырылуда. Мұның өзі сүт мөлшерін едәуір арттырумен бірге, сүттің майдылығын арттырды. Бұрын бізде алынған келген сүттің майдылығы 3,6 процент болса, жүгерімен азықтандырылғаннан кейін 4,4 процентке жетті. Жүгерінің осындай маңызылығын біз өзіміздің іс тәжірибемізден айқын көріп отырмыз.

мен совхоздарда жүгері егісін қолдан ұлғайтумен бірге, оның өнімін арттыру міндетін қойып отырған кезде бұл егісті егуге барлық жағынан үлгілі әзірлену қажет. Алайда біздің колхозда осы уақытқа дейін бірде-бір гектар жүгерінің тұқымы жоқ. Бұл жөнінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы да біледі. Бірақ, ондағылар колхозға нәтижелі көмек көрсетпей келеді. Егіс жұмыстарының басталуына көп уақыт қалған жоқ. Сондықтан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы колхоздарды жүгері тұқымымен қамтамасыз етсе екен. Өйткені бұл тұқымды қар еріп, жол бұзылғанша колхозға толық жеткізіп алғымыз келеді.

**И. ЛЯШЕВИЧ,**  
«Қазақстанның 30 жылдығы»  
колхозының председатели.

## АСТЫҚ ПЕН МАЛ АЗЫҒЫНЫҢ МОЛ РЕЗЕРВІН ЖАСАУ ЖОЛЫНДА

Коммунистік партияның Орталық Комитетінің январь Пленумы астық шаруашылығын 1960 жылға дейін елімізде астықтың жалпы түсімін жылына кемінде 10 миллиард пұтқа жеткізуді қамтамасыз ететін мөлшерде өркендетуді аса маңызды халық шаруашылықтың міндет етіп қойды. Бұл өмірлік зор маңызы бар міндетті ойдағыдай жүзеге асыру халықтың астық жөніндегі қызығарлықты толық қанағаттандырып қана қоймай, оның үстіне малды жемішпен толық қамтамасыз етуге және қажетті резервтер жасауға мүмкіндік береді.

Жыл сайын өндірілетін астықтың мөлшерін 10 миллиард пұтқа жеткізу үшін біздің қарамағымызда бірсыпыра қайнар бұлақтар бар. Олар, Пленум атап көрсеткен — егін жыйнағандағы ысырапты азайту, егіннің шығымдылығын арттыру арқынан ескі жыртылған жерлерде астықтың түсімін молайту, тың және тыңайған жерлерде дәнді дақылдар егісінің көлемін оған әрі ұлғайту, жүгері егісінің көлемін едәуір ұлғайту.

Жүгері егісінің көлемін ұлғайту астық өндірісін арттырудың аса мол резерві болып табылады. Өйткені бұл дақыл бір мезгілде екі міндетті бірдей атқарады — дәлмен астық ресурстарын толықтырса, сонымен бірге сүрленетін жақсы азық алуға керекті жүгері пиясын береді. «Сүттенің қамырланған кезінде жыйналатын жүгерінің бүкіл егісі, — делінген қаулыда, — бөлек жыйналғанда собықтарынан дән береді, сонымен қатар туралған және сүрленген сабақтар түрінде балғын жеміш те береді. Бөлек жыйналған собықтар сүрленіп, шаруашылықта шош-

қа мен басқа малды, сондай-ақ құстарды бордақылайтын дәнді азық ретінде пайдаланылуға тиіс; жүгерінің сабақтары собықтарынан бөлек сүрленіп, сүтті және басқа мал үшін балғын жеміш ретінде пайдаланылады».

Біздің ауданның колхоздары мен совхоздарында жүгері егісінің көлемін ұлғайтуға қажетті мүмкіншіліктің бәрі бар. Колхозшылар, МТС, совхоз жұмысшылары өздерінің сол мүмкіншіліктерін толық есепке ала отырып, үстіміздегі жылдың көктемінде колхоздарда 2565 гектар, совхозда 764 гектар жүгері егуді ұйғарды, соның өзінде барлық жүгері егісі шаршы-ұялы әдіс бойынша жүргізілетін болады. Колхоздарда егілетін жүгерінің 495 гектары сүрленетін көкше алуға, 150 гектары дән алуға және 1920 гектары көкшөп алуға арналады.

Аудан колхоздары бойынша бұл жоспардың қалтқысыз жүзеге асырылуы колхоз фермаларындағы әрбір сауын сыйырға кемінде 5-6 тонна сүрзілік өзірлеуді қамтамасыз етеді, сүтті малды жазда-лагерде бағу кезіне оларға толық жетерлік мөлшерде көкшөп конвейерін жасауымызды және келесі жылы жүгері егісінің көлемін арттыра түсуімізді қамтамасыз етерлік мөлшерде аудандастырылған жүгері тұқымын алуға жағдай туғызады.

Жүгері өндіруді аттыруда партия, совет ұйымдарының, колхоз председателдерінің, МТС-тер мен совхоз директорларының және ауыл шаруашылығы мамандарының қазіргі нақтылы міндеті неде? Ол міндет ең алдымен жүгері егісі үшін ең құнарлы топырақты учаскектерді ірік-

теп алу, ол учаскектерге қардың қалың тоқтатылуын, тыңайтқыштар енгізілуін қамтамасыз ету, жүгеріні шаршы-ұялы әдіспен егу үшін қажетті құрал-жабдықтарды дайындау, бұл жұмыстарды атқаратын кадрлар даярлау, қажетті мөлшерде жүгері тұқымын тасып жеткізу болып табылады.

Ауданда, әсіресе жүгеріні шаршы-ұялы әдіс бойынша себуді жүргізетін кадрлар даярлаудың жайы нашар болып отырғанын айта кетуіміз керек. Әлі бірде-бір МТС-те жүгеріні шаршы-ұялап себетін сеялқашылар, тракторшылар даярлайтын курс ұйымдастырылған жоқ. Сондықтан МТС директорлары бұл жұмысты ұйымдастыруды тездетуге тиіс. МТС тарапынан колхоздарда жүгері өсіретін арнаулы звенолар ұйымдастыру, олардың өндірістік жоспарларын жасау, звеноларға жүгері егісін бөкітіп беру, звеноларды қажетті транспортпен, құрал-саймандармен қамтамасыз ету жұмыстарына нақтылы көмек көрсетілуі қажет.

МТС-терде жүгеріні шаршы-ұялап отырғызуға арналған 8 «СН-6 А» сеялқалары бар. Бұларды жұмысқа әзірлеу жүргізілуде. Бірақ мұндай арнаулы сеялқа барлық колхозға бірдей жеткілікті емес. Сондықтан жүгеріні шаршы-ұялап отырғызуды қамтамасыз ету мақсатымен бірсыпыра дәнді дақыл себілетін сеялқаларды осы жұмысты атқаруға икемдеп қайта жабдықтау қажет. Бұл күндері МТС мамандары осы мәселені шешу жолында еңбектенулі.

Колхоздарда жүгері егісі жөнінде арнаулы звенолар ұйымдастырылуда. Пар-

тия ұйымдары звеноларға жақсы тәжірибесі бар егіншілерді, әсіресе коммунистер мен комсомолдерді жіберу жөнінде колхоз басқармаларына көмектесуде. Алай да бірқатар колхоздар осы жұмыстардың өзін баяу жүргізіп отырғанын мойындауымыз керек. Осыған байланысты аудандық партия комитеті істегі баяулықты, кемшіліктерді жоюға партия активтерінің негізгі назарын аударып отыр.

Бұрын бірсыпыра колхоз, МТС, совхоз басшылары мен мамандар біздің ауданның ауа райы жағдайында жүгері өсіруге болмайды деген ұғымда болып келді. Жүгері егудің өткен жылы практикасы бұл ұғымның өрескел қате екенін іс жүзінде дәлелдеді. Мәселен, Дмитриев атындағы ауыл шаруашылық артельдің мүшесі Ким Ен Дюн 1954 жылы өз отарында жүгері өсіріп, одан жоғары сапалы дән алды. Быйыл бұл колхозда жүгері егісінің көлемі едәуір ұлғайтылады. Осыған байланысты Ким жолдас колхоз және аудан басшыларынан оның, Кимнің басқаруына жүгері өсіретін арнаулы звено ұйымдастыруды және ол звеноға егістік учаске, қажетті құрал-саймандар бөкітіп беруді сұрады. Сонымен бірге жүгеріден мол өнім алуға уәде берді. Сондай-ақ Буденный атындағы колхоздың жекелеген мүшелері өткен жылы өз отарларына жүгері егіп, одан жоғары өнім алды. Калинин атындағы колхоз шаршы-ұялап егілген жүгерінің әрбір гектарынан 250 центнерден көкше жыйнады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар біздің ауданның ауа райы, топырақ құнарлылығы жағдайында жүгеріден дәнді де, көкшөпті де мол алуға болатындығын көрсетеді.

Өткен жылы «Красный пахарь» колхозында 20 гектар жүгері егілді. Колхоз басшылары бұл дақылды егудің агротех-

никасын өрескел бұрмалады. Алдымен жүгері егісі үшін арам шөп қаулап келіп, нашар жұмысталған учаскек бөлінді. Топырақты тыңайту жұмыстары ескерусіз қалды. Егісті күту кезінде ұйымдастырылмады. Осылардың салдарынан мұнда жүгері егісі мүлдем өнім бермеді. Буденный атындағы колхозда жүгері егісін мал жеп және таштап тастады. Быйыл жүгері егісін егуге, оны күтіп-балтауға және өнімді жыйнауға мұндай жауапсыз қараушылыққа жол берілмеуі керек.

Жүгері жақсы өсіп жетілуі үшін топырақтың құнарлы болуы қажет. Сондықтан жүгері егілетін учаскектерді тыңайту мәселесіне ерекше назар аудару керек. Егер өткен жылы Ким жолдас жүгеріден мол өнім алса, ол ең алдымен топырақты тыңайтуды мұқият жүзеге асырды.

Аудан колхозшылары мен МТС, совхоз жұмысшыларында жүгері егісі көлемін арттыру, бұл дақылды егу, күту, жыйнау жөнінде ықылас бар. Көзір бұған әзірлік те қызу жүргізілуде. Бірақ жүгері егісінен мол өнім алудың негізі сапалы тұқым болып табылатынын ұмытпа болмайды. Мол өнім тек жақсы сұрты тұқымнан ғана алынады. Осыған қарамастан, бізде көптеген колхоз және совхоз жүгері тұқымын алған жоқ. Бұған ең алдымен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы кінәлі. Өйткені ол басқа облыстардан әкелінетін жүгері тұқымының колхоздарға ерте жеткізілуін қамтамасыз етпеді. Біздің аудандағы колхоздардың көпшілігі осы күнге дейін жүгері тұқымын қайдан алатындарын да білмейді. Жүгері тұқымын колхоздарға тасып жеткізуді бұдан әрі көшеуілетуге болмайды. Сондықтан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, оның бастығы Коробов жолдас бұл жұмысқа басшылықты жақсартуы керек. Колхоздарға

жүгері тұқымын ерте жеткізудің егін шығымдылығын арттыруға да пайдасы зор. Мәселен, тұқым ерте тасыпса, оны себу алдында яровизациялау жұмысын да кезінде жүргізуге болады. Ал жүгері тұқымын себуге алдында яровизациялау, әсіресе біздің облыстың ауа райы жағдайында өте қажет-ақ. Өйткені яровизацияланған тұқым сенгеннен кейін тез және біркелкі қаулап шығады да жүгерінің сабағына собықтардың ерте байланып, бір сабақтағы собық санының көп болуына жағдай жасайды. Сонымен бірге жүгері дөңінің толық пісіп жетілуі қамтамасыз етіледі.

Жүгері біздің ауданның колхоздары үшін жаңа дақыл. Сондықтан колхозшыларымыздың оны егу, күтіп-балтау жөніндегі тәжірибесі аз. Осыған байланысты колхоз, МТС, совхоз басшылары мен мамандар бастауыш партия ұйымдары бұл дақылды егін өсірудің агротехникасын, озат әдістерді іс үстінде жеке адамдардың ұсынған жаңалықтарын терең зерттеп, оны аудан еңбекшілеріне көпнен насихаттап отыруға міндетті. Жасыратыны жоқ, көптеген бастауыш партия ұйымдары жүгері егісін ұлғайтуды насихаттауда тек январь Пленумы қаулысында айтылғандармен ғана қанағаттанып жүр. Олар бізге көрші облыстардың, аудандардың жүгері өсіруді арттыру жолындағы бай тәжірибелерін кеңінен насихаттауға әлі еркін кірісе алмай отыр.

Жүгері — аса бағалы азық және жеміштік дақыл, екенін біздің ауданның еңбекшілері жақсы түсінеді. Сондықтан да олар барлық мүмкіншіліктерін, күш-жігерін, қабілетін жұмсай отырып, бұл дақылдың мол азығы қорындағы үлес салмағын едәуір арттыратыны сөзсіз.

**А. ПОНОМАРЕВ,**

ҚКП Петропавл аудандық комитетінің секретары.



# ИСКУССТВО ШЕБЕРЛЕРІНІҢ КОНЦЕРТІ



Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік халық аспаптары оркестрі өзінің 20 жылдық өмірі ішінде көптеген мәдени оқиғаларды басынан өткеріп, творчестволық шеберлігімен тек республикаға ғана емес, бүкіл елімізге, қала берді дүние жүзіне танылған коллектив. Қазақ халқының ұлттық музыкалық мәдениетінің жаршысы болып табылатын ол тек өз халқының аса бай музыкалық мұрасын ғана емес, ұлы орыс халқы мен Батыс Еуропаның классикалық музыка мұраларын шеберлікпен игерген оркестр. Сондықтан да оның репертуары Құрманғазының «Сары Арқа», «Балбырауын», «Адай», Тәттімбеттің «Сылқыдақ», «Қос басар», «Сар жайлау», Дәулеткерейдің «Қос алқа», «Жігер» күйлерімен қатар орыстың ұлы композиторы Глинканың атақты «Камаринская», Чайковскийдің «Аққу кәлі» операсынан «Кішкентай аққулардың биі», Глазуновтың «Концерт вальсі», Батыс Еуропаның ұлы композиторы Моцарттың «Рондо», Бетховеннің «Афинский развалининен марш» сыяқты теңдесі жоқ, аса құнды музыкалық шығармалармен толықтырылған. Өз өнерімен танылған бұл коллектив көзір жастар мен студенттердің Бухаресте болған Бүкілдүниежүзілік IV фестивалінің лауреаты.

Еліміздің қай түшкірінде болса да творчестволық шеберліктерімен жұртшылыққа танылған қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік ұлт аспаптары оркестрінің құрамына:

үшін Құрманғазының, Тәттімбеттің күйлерін, Чайковский, Глинка, Моцарттың шығармаларын, сол сыяқты композиторлар А. Жұбановтың «Абай» сюитасын, С. Мұхамеджановтың «Бақыт Отаны» шығармаларын орындады. Жұртшылық әсерге көрушілердің сұрауы бойынша орындалған Құрманғазының «Сары Арқа» күйін сүйсіне тыңдады.

Тыңдаушылар атақты әншілер Күләш Байсейітова мен Рашид Абдуллинді асыға күтті. Бұл орынды да еді. Өйткені бұл искусство шеберлерінің тамаша әнін естуге тек біздің қала ғана емес, еліміздің еңбекшілері түгел құмар. Абдуллин, әсіресе «Абай» операсынан Абайдың ариясын зор шеберлікпен орындады. Өз заманына деген ызалы күйікке толы Абай зарын ол тыңдаушыларға еркін жеткізе білді. Асқақ, әдемі үн оркестрдің даусын баса шырқай түсіп, тамылжыған тәтті ырғақ тыңдаушыларды билеп алды.

Қазақ халқының бұбұлуы атанған ССРО халық артисткасы Күләш Байсейітованың әншілік өнері бүкіл одаққа аян. Творчестволық шеберлігімен жұртшылыққа танылған ол бұл концертте де өзінің аса үлкен сахна шебері екендігін таныта алды. Ол салған Сара ариясы мәнерлілігімен, ырғақ әсемділігімен, музыкалық маңыздылығымен тыңдаушыларды сүйсіндірді. Сүйені Біржанның ауыр азабы туралы хабар естіп қамыққан, заман кылымдарымен жолын байлап, бақы-

қарушы, әрі бас дирижері, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Шамғол Қажығалиев туралы айтып кетуге болмайды. Алматының мемлекеттік консерваториясының түлегі ол өзі жеткені болған аз уақыт ішінде оркестр коллективінің орындаушылық шеберлігін арттыру жолында аз еңбек сіңірген жоқ. Әсіресе оның қала жұртшылығына көрсеткен концерттегі дирижерлік шеберлігіне көрушілер риза болысты. Жас дирижер У. Нүсіпов те бұл концертте өзінің творчестволық іздену жолындағы талантты жас екендігін танытты.

Концерт репертуары да бай. Мұнда қазақтың сүйікті күйлері мен әндері, орыстың және Батыс Еуропаның ұлы композиторларының шығармалары жыйнақталған. Творчестволық өсу жолындағы коллективтің концерт репертуарында атақты «Адай», «Жігер», «Қос басар», «Қос алқа» күйлерінің, Глинканың «Вальс-фантазиясының» болмауы көрушілерді қынжылтты. Сол сыяқты Күләш Байсейітованың өңді өз мүмкіншілігімен төмен айтқандығын жасыруға болмайды.

Искусство шеберлерінің концертін қала жұртшылығы аса зор қанағаттанғандықпен қабылдады.

**Т. НӘКИМОВ.**

СУРЕТТЕ: Қазақтың Абай атындағы опера және балет театры мен Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік халық аспаптары оркестрінің құрамына:

# Халықаралық шолу

**БЕЙБІТШІЛІК ІСІ ЖЕҢІП ШЫҒАДЫ**

Атом қаруының заңдарын құрту және оны өндіруді тезінен тоқтату туралы халықтардың талабына қол қойдыру жөнінде кең науқан өрістетуге шақырған Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының Үндеуін дүние жүзінің барлық елдерінде миллион-миллион адамдар қызу қолдады. Атомдық соғыс қатеріне қарсы нәрменді шаралар қолдануды үкметтер мен парламенттерден талап етіп отырған бейбітшілікті жақтаушылардың қуатты қозғалысы барлық жерде де өрістей түсеуде.

Қол қойдыру науқаны Чехословакияда, Венгрияда, Италияда, Финляндияда, Индияда, Индонезияда, Қытай Халық Республикасында, Албанияда және басқа көптеген елдерде ойдағыдай өткізілуде. Халықтық Қытайда науқанның алғашқы 20 күні ішінде ғана Үндеуге 200 миллионға жуық адам қол қойды. Индияда күн сайын ондаған бұқаралық митингтер өткізіліп, бұл митингтерге қатысушылар атомдық соғыс әзірлеп жатқан империалистердің қылмысты жоспарларына мейлінше батыл қарсы шығуда және Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының Үндеуіне қолдарын қоюда.

8 мартта бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің Пленумы бүкіл совет халқының атынан Вена Үндеуін қолдайтынын айтып, Совет Одағында бірінші апрельден бастап қол қойдыру науқанын өрістетуге қарар қабылдады. «Ұзақ және жалпыға бірдей бейбітшілікке жан-тәнімен мүдделі болып отырған халықтар, — деп атап көрсетілген Пленумының қарарында, — атом қаруына тыйым салдырты және оны өндіруді тоқтаттырады. Атом қуаты адамзаттың бейбіт мақсаттары мен прогресіне қызмет етуге тиіс және қызмет етеді. Атомдық соғыс бастауға тырысып отырған қара-түнек күштер кейін шегінуге мәжбүр болады. Халықтар бұған жетеді. Бейбітшілік ісі — әділ іс. Бұл жеңіп шығады!».

Бейбітшілік жолындағы соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы күресте Совет Одағы құрметті орын алып отыр. Совет Үкметі бірқатар жылдардан бері жаппай қырып-қоятын бейбіт мақсаттарға қолдануды дәйектілікпен жақтап келді және жақтап келеді.

ССРО-ның нақ өзінде өткен жылғы июльде атом қуатымен жұмыс істейтін дүние жүзіндегі тұңғыш өнеркәсіп электр станциясы іске қосылды. Совет Үкметінің нақ өзі Совет Одағында жыйнақталған ғылыми-техникалық тәжірибені басқа мемлекеттерге беруге және ядролық физика саласындағы зерттеулерді

леністі күшейтіп, жаңа соғыс өртің тұтатуға тырысып отырғанын бейбітшіл адамдар ашулы ызамен көруде. Бұл топтар Батыс Германияны тезінен қаруландыруды қамтамасыз етуге және оны агрессияшыл соғыс блоктарына қатыстыруға барған сайын өршеленген шаралар қолдануда. Американдық дипломатиясының Қызыл Шығыс пен Оңтүстік Шығыс Азиядағы тіміскілеген әрекеттері күшейе түсеуде. Жұырда радио арқылы сөйлеген сөзінде Даллес «Оңтүстік-Шығыс Азияға арналған» соғыс «договорына» қатысушы елдердің қарулы күштерін ұлғайтуды жақтады. АҚШ қарудың «жаңа және қуатты» түрлерімен қамтамасыз етілді деп мақтанады және Қытай Халық Республикасына барынша қыр көрсетіп бақты.

Американдық мемлекет қайраткерлері АҚШ атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалануға мүдделі болып отыр-мыс, тіпті кейде бұл жөнінде қайдағы бір «практикалық» қадамдар жасап отыр-мыс деп те мәлімдейді. Бірақ осы өкізуді даурықпалы сөздермен қатар американдық баспасөзінің беттерінде атоммен оған әрі жанталаса қарулану ашықтан-ашық насихатталуда. АҚШ-тың агрессияшыл топтары атом қаруына тыйым салуға және атом қуатын бейбіт мақсаттар үшін пайдалануға бағытталған Совет Одағының қандай ұсынысына болса да қарсы шығуда.

Халықтар арасындағы бейбіт ынтымақ принциптері баяндалған, жалпыға бірдей бейбітшілікті сақтау және баянды ету үшін парламенттердің жауапты екендігі атап көрсетілген ССРО Жоғарғы Советі Декларациясының тектін американдық баспасөзінің жарияламағанына ерекше назар аудару керек. Ал оның бер жағында ССРО Жоғарғы Советінің Декларациясы басқа елдерде аса зор ынтымақ тудырды. Англияның, Грецияның, Канаданың және басқа мемлекеттердің көптеген буржуазияшыл парламентшілері бұл документтің маңыздылығын атап көрсетті. Қытай Халық Республикасының, Чехословакияның, Румынияның, Герман Демократиялық Республикасының және басқа бейбітшіл елдердің парламенттері ССРО Жоғарғы Советінің Декларациясын өздерінің сөзсіз қолдайтынын мәлімдеді.

Жанталаса қарулануды жақтаушылар қарапайым адамдардың соғысты тілемей отырғанын түсінуге тиіс. Бейбітшілік жолындағы атом қатерін жою жолындағы қозғалыс барлық елдер мен континенттердегі халықтардың барған сайын қалың топтарын қамтуда. Бейбітшілік ісі — әділ іс, сондықтан оның жеңіп шығатындығын халықтар түсінуде.

**ШИЕЛЕНІСКЕН ҚАЙЫШЫЛЫҚТАР  
ЖАРЛАҒЫНДА**

болған болса, Аденәуэр де сондай мүдделі болып отыр.

Бірақ Париж келісімдерін бекіту туралы мәселе Бонн бундестагінің алдына қойылған кезде істің жайы түбірімен өзгерді. Мендес-Франстың көзлегеніндей мақсаттарды басшылыққа алып, яғни Париж келісімдерін бекіткізуге тырысып, Аденәуэр Францияға берілген ешқандай ағылшын-американдық «көпірліктері» жоқ, ал Саар туралы келісімді өзгертуге болады деп ашықтан-ашық мәлімдеді.

Қаңтардың мәлімдемесі Францияның парламенттегі топтарында күшті наразылық тудырды. Француз сыртқы істер министрлігі төртінші мартта мәселеде жариялап, мұнда Париж келісімдерінде көзделген Саардың статусын өзгертуге болмайды деп атап көрсетті. Бұған жауап ретінде Боннның Париждағы дипломатиялық миссиясы дереу қарсы қадам жасап, Аденәуэрдің айтқандары өзінің маңызын толығымен сақтайды деп мәлімдеген француз үкметіне.

Сонымен, өткен жылғы октябрьде Париж жасалған және Париж келісімдерінің құрамды бөлігі болып табылатын Саар статусы туралы француз-батысгерманиялық келісімге қатер төнді. Францияның бірқатар басқа буржуазияшыл газеттері сыяқты, «Комба» газеті былай деп атап көрсетті: көзіргі жағдайда Париж келісімдерін бекіту «Саардан бастартқандықпен» тең болар еді. Сонымен бірге Париж келісімдерін жақтаушылар туып отырған алауыздықтарды іс жүзіндегінен кемірек етіп көрсетуге тырысуда, өйткені олар француз республика советінде болатын алдағы айтыстар нәтижелерінің қолайсыз болуынан қорқуда.

Париждағы «Фигаро» газеті Франциядағы Париж келісімдерін жақтаушылардың пиғылдарын бейнелеп келіп, Аденәуэр мезгілден бұрын, яғни республика советіндегі айтыстарға дейін мәлімдеме жасады деп оны кінәлауда. Лондондық «Таймс» Франция мен Батыс Германия арасындағы Саар туралы мәселе жөніндегі қырқысудың «Бүкіл батыс-европалық одақты жоны ықтимал» деген хауіп білдіруде. Американдық Юнайтед Пресс агенттігінің тілшісі де осындай көзқарас білдіріп, соның өзінде туған жанжалды бітіруге «оңай болмайды» деп атап көрсеткен.

Ал Саар істеріне Вашингтонда қалай қаралып отырғанына келетін болсақ, «Монд» газетінің Вашингтондағы тілшісінің атап көрсеткеніндей, мұнда «абыр-жушылық және түңдүшлік» байқалуда, сонымен бірге сүйініш те айтылуда. Өйткені Аденәуэрдің өзінің мәлімдемесімен Париж келісімдерін бекітуге Францияны мәжбүр ету мақсатымен американдық билеуші топтары «бүкіл дипломатиялық қорды» әзірлеугі мүмкін». Басқа сөзбен айтқанда,



лаштары оркестрі қазақтың атақты әншісі, ССРО халық артисткасы, Сталиндік сыйлықтардың лауреаты Күләш Байсейітова мен Қазақ ССР-нің халық артисі Ринат Абдуллиннің қатысуымен облыстық драма театры үйінде қала жұртшылығына концерт көрсетті.

Дина Нурпейсованың «Жаса партия» күйімен шымылдығы ашылған бұл концертке көп адам қатысты. Қазақтың аса бай ұлттық музыкалық мұраларын бойына жыйнақтай білген бұл коллектив қала жұртшылығы

тын ашпаған қайылы қыздың зарын әнін мазмұнына сай үндестікпен бере білген ол бұл әнді орындау арқылы искусствода түр мен мазмұндың үндестігін, бірлігін сахна төрінде тағы бір танытқандай. Күләш әресе композитор Латиф Хамидидің «Бұлбұл» әнін нақылшына желтіре орындады. Күе төресі — бұлбұлға сай әсем ән зал төрінен шалқын шығып, шалықтай өрлеп, «құлақтан кіріп, бойды аады».

Мемлекеттік оркестр туралы сөз болғанда оның көркемдік жағын бас-

тистері. Бірінші қатарда: (солдан оңға қарай): Қазақ ССР-нің халық артистері К. Жантілеуов және Л. Мұхитов. Екінші қатарда Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі А. Смағұлов, искусствоға еңбегі сіңген қайраткер Ж. Қаламбаев, концерттің көркемдік жағын басқарушы, оркестрдің бас дирижері Ш. Қажығалиев, ССРО-ның халық артисткасы, Сталиндік сыйлықтардың лауреаты К. Байсейітова, Қазақ ССР-нің халық артисі Р. Абдуллин, концерт жүргізуші Ғ. Баубекова және дирижер У. Нұсіпов.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ КӘЗІРГІ МІНДЕТКЕ САЙ БОЛУЫ КЕРЕК

(КӘСІПОДАҚТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ IV ПЛЕНУМЫНАН)

Жақында кәсіподақтарының облыстық советінің кезекті IV пленумы болып өтті. Онда «СОПН Орталық Комитетінің январь Пленумының қорытындысы және облыс кәсіподақ ұйымдарының міндеттері» туралы мәселе қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе жөнінде кәсіподақтарының облыстық советінің председателі Е. Цимбал жолдас баяндама жасады.

Елімізде мал шаруашылығы өнімдерін мол өндіру астыққа байланысты екенін январь Пленумы атап көрсетті. Осыған байланысты Пленум таяудағы 5—6 жылдың ішінде астықтың жалпы түсімін жылы сайын 10 миллиард пұтқа жеткізу міндетін қойды. Осы қойылған міндетті жүзеге асыруда кәсіподақ ұйымдары зор роль атқаруға тиіс.

СОПН Орталық Комитетінің январь Пленумы қойған міндеттерді жүзеге асыру мақсатымен облыс совхоздары мен МТС кәсіподақ ұйымдары ұйымдастыру және көпшілік жұмысын жақсарту отырып, социалистік жарысты күшейте түсті.

Дегенмен облыс совхоздары мен МТС-терінің кәсіподақ ұйымдарының жұмысында көптеген кемшіліктер әлі де болса бар.

Кәсіподақ ұйымының жұмысындағы кемшіліктердің болуына кәсіподақтардың облыстық советі де кінәлі. Өткен жылы совхоздар мен МТС-тердің жұмысшылар комитетінің басшылық қызметіне жаңа адамдар келді. Олардың көпшілігінің кәсіподақ ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру жөнінде тәжірибелері аз. Алайда олармен қажетті семинарлар ұйымдастырылмаған.

Баяндама бойынша сөз сөйлеген жолдасар кәсіподақ ұйымдарының жұмысындағы осы және басқа бірқатар кемшіліктердің бетін ашып, алдағы міндет-

тер жөнінде бағалы ұсыныстар енгізді.

Булаев астық совхозы жұмысшылар комитетінің председателі Банков жолдас бірінші болып сөз сөйледі.

—Январь Пленумының қаулысына сәйкес,—деді ол,—үстіміздегі жылы жоспар бойынша совхозда 500 бас сыйыр малы, 200 шошқа, 6 мың тауық болуға тиіс. Кәзір совхозда 30 бас сыйыр малы бар, шошқа, тауық жоқ. Біз жоспарды сөзсіз орындауға тиісіміз. Бірақ мал қораларын салу жөнінде елеулі кемшіліктер кездесіп отыр. Құрылыс жоспары бойынша 400 сыйыр малына, 100 шошқаға, 5 мың тауыққа қора салынбақ. Сонда басқа малдар қайда қыстамақ деген сұрақ туады? Бұл үлкен кемшілік, шындығында құрылыс жоспарын мал өсіру жоспарына сәйкес жасау қажет.

—Социалистік жарыс жөнінде,—деді Тоқшын совхозының жұмысшылар комитетінің председателі Мұхамеджанов жолдас,—көп сөйлейміз, оның мазмұнын жақсы дәлелдей білеміз, ал қабылданған міндеттеменің орындалуына, жұмысшылардың өнімді еңбек етуіне жағдай тұрғыза алмай келеміз. Сауын сыйырлар гуртында 9 сауыншыға сүт қуатын бір-ақ үлкен шелек бар. Сыйыр сауған уақытта сауыншылар, сауған сүтін осы шелекке құю үшін кезекке тұрады. Бұл жағдай сауыншылардың жұмысына бөгет жасап, жұмыс сағатын ұзартады.

Николаев МТС-нің жұмысшылар комитетінің председателі Жданович жолдас өзінің сөзін мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру міндетіне арнады. МТС қамтуындағы колхоздардағы сауын сыйырлардың құнары өте төмен. Оған басты себеп мал күтімі нашар, мал азығы жеткіліксіз. Өткен жылы кейбір колхоздарда егілген жүгерінің гектарынан 15-ақ центнер өнім алынды. Әрине, бұл

жүгері дақылна жете мән бермегендіктің салдары. Өткен жылғы кемшілікті үстіміздегі жылы қайталамау үшін жүгерінің маңызын, егу әдістерін колхозшыларға түсіндіру жұмысын МТС агрономдары нашар ұйымдастырып отыр.

Жданович жолдас мал шаруашылығын ұйымдастыруда орын алған кемшілікті жою жөнінде кәсіподақ ұйымы не істеп отырғандығы туралы ештеңе айтпады. Мұның өзі кәсіподақ ұйымдарының маңызды істен тыс қалғанын тағы бір дәлелдейді.

Шағын двигательдер заводы Семиполка, Торанғұл МТС-терін қамқорлыққа алып, оларға 40 мың сомдық қосалқы бөлшектерін бергені туралы осы заводтың жұмысшылар комитетінің председателі Давыдов жолдас айтты.

Возвышен совхозы, Шағлы МТС-нің жұмысшылар комитетінің председателдері Петренко, Белодед жолдасар облыс совхоздары мен МТС-терінде медициналық жұмыстың, кино көрсетудің еңбекшілердің тілегіне сай емес екені жөнінде айтты. Үстіміздегі жылдың январь айының ішінде Шағлы МТС-іне екі механик келіп, бір күнде екі-екіден әрқайсысы 4 кинокартина көрсеткен, бұдан кейін бір ай бойы көпшілігі кино келмей қойған. Булаев аудандық мәдениет бөлімі кинокартинаны Возвышен совхозының орталығында ғана көрсетіп, фермаға жіберуді тоқтатқан.

Пленумда облыстық партия комитетінің секретары Лосев жолдас ұзақ сөз сөйлеп, кәсіподақ ұйымдарының міндеттеріне тоқталды.

Жарыссөзде барлығы 13 адам сөйледі. Пленум күн тәртібіне қойылған мәселе жөнінде нақты шаралар белгілеп, қаулы алды.

ғылыми-эксперименттік базалар құруда басқа мемлекеттерге қажетті көмек көрсетуге өзінің әзір екенін мәлімдеді.

Бейбітшілікке шын мәнісінде қамқорлық жасап отырған ССРО Жоғарғы Советі өзінің екінші сессиясында қабылдаған Декларациясында барлық елдердің халықтары мен парламенттеріне Үндеу жабып, атоммен жанталаса қарулану әрекетін үзілді-кесілді тыюға және жалпай кырып-жоятын қаруға тыйым салуға шақырды. Быйылғы жылғы 18 февральда Совет Үкметі бейбітшілікті баянды ету және атомдық соғысқа жол бермеу міндетімен байланысты проблемаларды неғұрлым тез шешуге бағытталған нақты ұсыныстар жасады. Совет Одағының инициативасы оның әлеуметтік немесе оның атомдық бопсалаудан тайсалатындығынан туып отырған жоқ. Жерген социализм елінің қуаты бүкіл дүние жүзіне мәлім. Совет халқы империалистік атомшылардың қоқан-лоққысынан қорықпайды. Атом қаруына тыйым салу жолында күресіміз отырып, Совет Одағы атомдық соғыстың ұшыратуы ықтимал апаттардан адамзатты қорғауға ұмтылуда.

Американ билеуші топтарының халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге көмектеспей отырғаны былай тұрсын, тіпті, мұның керісінше, бұл ши-

Француз республика советінде Париж келісімдерін бекіту туралы мәселе талқылау мерзімі жақындаған сайын Франция мен Батыс Германия арасында Саар мәселесі жөніндегі қайшылықтар күшейе түседі. Францияның бірқатар саяси қайраткерлерінің мәлімдемелеріндегі сияқты, француз баспасөзінде де осы қайшылықтардың салдарынан жоғарыда көрсетілген келісімдерді бекіту мүдде қыбынға соғалы деген пікірлер айтылуда.

Саар салдарынан туып отырған француз-бонндық қырқыстың мәні неде? Бұл қырқыстың дәл қазір жарыққа шығып отырған себебі неліктен?

Жұртқа мәлім, өткен жылғы декабрде Францияның сол кездегі премьер-министрі Мендес-Франс, Ұлттық жыйналыста Париж келісімдерін қайткен күнде де бекітіруге тырысып, Саардың «сағис автономиясын көздейтін оның «европалық статутын» сақтауға Американың Құрама Штаттары мен Англия «кепілдік» берді-міс деп, Ұлттық жыйналыстың депутаттары сендірген болағын. Вашингтон мен Лондоннан бұл мәлімдеме келіспейді дейтін ешқандай сөз айтылмаған-ды. Бұған Бонндағылар да төзімділік көрсетті, өйткені Ұлттық жыйналыстағы айтыстардың ойдағыдай аяқталуына бұрынғы француз премьері қандай мүдделі

### Петропавл қаласында жаңадан салынатын және қайта конструкцияланатын үйлерді телефондандыру және радиоландыру туралы

Еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық Советі аткомінің 1955 жылғы 28 январьдағы № 60 қарары

ССРО Министрлер Советінің 1953 жылғы 10 августтағы № 2122 қаулысына сәйкес және еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық тілектерін қанағаттандыру мақсатында қалалық Совет аткомі қаулы етті:

1. Қаладағы барлық ведомстволар, кәсіпорындар мен жобалау ұйымдары жаңа үйлер салуды жобалағанда облыстық байланыс басқармасының келісімі бойынша жобаларда және сметаларда үйлерді телефондандыру және радиоландыру үшін кабельді жолдар енгізуді міндетті түрде қарастырулары керек.
2. Барлық құрылыс ұйымдары бұл үйлерде басқа да санитарлық-техникалық жұмыстармен қатар телефондандыру үшін кабельді жолдар енгізуді қамтамасыз ететін болсын.
3. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының председателі Волошин жолдас-тың жаңадан салынған телефондандыру үшін кабельді жолдары және бөлгіш селі жоқ үйлерді қабылдап алуына тыйым салынсын.
4. Осы қарарды бұрмалағаны үшін қатаң жауап беретіндіктері қаладағы барлық ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларына ескертілсін.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің председателі **М. ВОТЯКОВ.**  
Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің секретары **Ю. ПЛОТНИКОВА.**

Облыстық «Заготзернога» тәжірибелі машинистка КЕРЕК.  
АДРЕС: Петропавл қаласы, Красноармеец көшесі, 1-үй, кадр бөлімі.

Солтүстік Қазақстан облыстық жергілікті «Снабсбытга» түпкілікті жұмысқа жұмысшылар КЕРЕК. Еңбекақы смета бойынша төленеді.  
АДРЕС: Петропавл қаласы, Совет көшесі, 92-үй.

де, облыстық қанцлердің ұнама түрін алып мезгілінен бұрын әйгілеп бергеніне АҚШ мемлекеттік департаменті наразы болып отыр.

Францияның республика советінде Париж келісімдерін талқылауға дейінгі қалған уақытта американың және ағылшын дипломаттарының, олардың Бонндағы достары сияқты, Францияны герман милитаризмін қайта тудыру жоспарларына тезуге мәжбүр етуге тырысып, жаңа айла-өрекеттер жасайтынында күмән жоқ.

Саар проблемасымен байланысты Саар мен Бонн арасындағы қатынастардың шиеленісуі Париж келісімдерінің француз және неміс халықтарына да, сонымен қатар Европаның барлық басқа халықтарына да қандай хауіп төндіретіндігі тағы да айқын көрініп отыр. Міне сондықтан да бұл күндері Францияда, Германияда, Данияда, Голландияда және басқа батысевропалық елдерде Батыс Германияны қаруландыруға қарсы, европалық хауіпсіздікке елеулі қатер төндіретін қаруандыруға қарсы халық наразылығының бұрынғыдан да күшейе түскені тегін емес.

Д. БОЧАРОВ.

Редактордың орынбасары **Г. НУРМОЛДИН.**

### Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ОЙЫН КӨРСЕТІЛЕДІ»

Сеанстар сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

«ОКтябрь» кинотеатрында

«ТЕҢІЗ АҢШЫСЫ»

Сеанстар сағат 5, 6.30, 8, 9.30 және 11-де басталады.

Петропавл қаласындағы № 10 ФЗО мектебі оқушылар алады. Оқуға кемінде 4 класс көлемінде білімі бар, 16-дан 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер, 17-ден 18 жасқа дейінгі қыз балалар қабылданады.

Мектеп ағаш шеберлерін, штукатуршылар, пеш салушы-тасшылар, слесарь, санитарлық техниктер даярлайды.

Оқуға қабылдау тәртібі жөнінде жылу электр орталығының сыртындағы № 10 ФЗО мектебіне немесе қалалық атқару комитетіне келіп түсінік алуға болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп транспорт бөлімдері — 2-38, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39 газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.